

2016

# ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

«KEGOC» АҚ

# МАЗМҰНЫ


«KEGOC» АҚ-ның тұрақты даму туралы есебін куәландыру туралы тәуелсіз қорытынды ......... 02

**БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ** ........................................ 04

**ЕСЕП ТУРАЛЫ** ........................................ 06

Есеп жасау қағидаттары ................................ 06
Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және маңыздылықты бағалау ......................... 07
Маңыздылық матрицасы ................................ 09

**ЖАЛПЫ АҚПАРАТ** ................................ 11

Қызмет географиясы ................................ 12
«KEGOC» АҚ құрылымы ................................ 14
Өндірістік қызмет ................................ 17
Электр энергиясын жеткізу ................................ 19
Техникалық диспетчерлендіру ...................... 19
Электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру ............................ 20
Инвестициялық қызмет ................................ 23

**КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ** ...................... 25

Акционерлер ........................................ 25
Директорлар кеңесі және оның Комитеттері ..... 26
Іскери этика ........................................ 28

**ЭКОНОМИКА** ........................................ 31

**ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ** .................. 35

Атмосфералық ауаны қорғау ......................... 36
Қалдықтарды басқару ................................ 37
Су объектілеріне және топыраққа әсері ........... 38
Инвестициялық жобаларды іске асыру барысындағы табиғат қорғау шаралары .......... 38
Энергия үнемдеу ........................................ 39

**ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК** .............. 43

Кадр саясаты ........................................ 43
Персоналды дамыту және оқыту .................... 51
Персоналды мотивациялау және ынталандыру ... 51
Өндірістік қауіпсіздік ................................ 53

**1-ҚОСЫМША. GRI МАЗМҰНЫН КӨРСЕТКІШ** .................. 56

**2-ҚОСЫМША. ГЛОССАРИЙ** ........................................ 64

**БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ** ............................ 66

NURTEAM AUDIT
Assurance & Advisory

«NURTEAM AUDIT» ЖШС
Алматы, Гагарин даңғ. 236 Б, офис 326, 050000
Телефон: +7 (727) 352-81-55
e-mail: office@nurteamaudit.com
web: www.nurteamaudit.com

**«KEGOC» АҚ-НЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТУРАЛЫ ЕСЕБІН КУӘЛАНДЫРУ ТУРАЛЫ ТӘУЕЛСІЗ ҚОРЫТЫНДЫ**

**«KEGOC» АҚ басшылығына және мүдделі тараптарына**

**Тексеру мәнінің анықтамасы мен сипаттамасы**

«KEGOC» АҚ (бұдан әрі – Компания) тапсырмасы бойынша біз «KEGOC» АҚ 2016 жылғы Тұрақты даму туралы есебіне» (бұдан әрі – Есеп) енгізілген сапалы және сандық ақпаратқа қатысты тексеру жүргізіп, шектеулі деңгей растамасын бердік.

**Тексеру өлшемдерін анықтау**

Есептеме жөніндегі жаһандық бастамаларды тұрақты дамыту туралы есептеме стандарттарының (бұдан әрі – «GRI стандарттары») талаптары және Компанияның тұрақты даму туралы есептеме бойынша қағидаттары біз жүргізген тексерудің өлшемдері болып табылады. Біз аталған өлшемдер біз жүргізген тексерулердің мақсаттарына сәйкес келеді деп ойлаймыз.

**Компания басшылығының жауапкершілігі**

Компания басшылығы тұрақты даму саласына жататын саясаттар мен рәсімдерді енгізуге, сонымен қатар Есеп пен ондағы берілген ақпаратты дайындауға жауапты. Бұл жауапкершілік жосықсыз іс-қимылдар немесе қателер салдарынан болатын айтарлықтай бұрмалаулары жоқ Есеп дайындауға жеткілікті. Басшылық сонымен қатар есептеменің тиісті қағидаттарын таңдау мен қолдануға, тиісті өлшеу және бағалау әдістерін пайдалануға жауапты.

**Біздің жауапкершілігіміз**

Біздің жауапкершілігіміз біз жүргізген тексеру мәніне қатысты тәуелсіз тұжырым жасауда.

**Тексерудің орындалған негізгі рәсімдері**

Біз тексеруді IFAC шығарған 3000 «Аудиторлық тексерулерден тарихи қаржылық есептеме шолуларынан ерекшеленетін ақпаратты тексеру жөніндегі тапсырма» («ISAE3000») Ақпараттың дұрыстығын растау бойынша тапсырмалар жөніндегі халықаралық стандарттарға сәйкес орындадық, бұл мына рәсімдерді орындауды қамтыды:

- Компанияның Есепте сипатталған тұрақты даму саласындағы саясаттары мен рәсімдерінің талдауы;
- Компанияның тұрақты даму туралы ақпаратты дайындауға, тұрақты даму саласында Компанияның саясаттары мен рәсімдерін іске асыруға, сонымен қатар тиісті қызмет пен нәтижелерге жауапты менеджерлерімен және негізгі мамандарымен сұхбат;
- Есептің салыстырылатын компаниялардың тұрақты даму туралы есептерімен салыстырмалы талдауы;
- Экономикалық, экологиялық, еңбекті ұйымдастыру және салалық нәтижелік, сонымен қатар есептеме
- процестері саласындағы негізгі көрсеткіштер бойынша деректер іріктемесін осы деректердің тиісінше жинақталғанына, дайындалғанына, салыстырылғанына және Есепке енгізілгеніне көз жеткізу үшін талдау;
- Есептің және оның негізінде жатқан есептеме процестерінің Компания қолданатын GRI стандарттарының тұрақты даму туралы есептемесінің қолданыстағы қағидаларына сәйкестігін бағалау;
- Есептегі ақпарат пен деректерді ашып көрсетудің GRI стандарттарының талаптарына сәйкестігін бағалау;
- Шектеулі куәландыру шеңберінде айғақтарды жинақтау рәсімдерінің көлемі куәландырудың аз дәрежесін негіздейтін қисынды куәландыру шеңберіндегіден айтарлықтай аз.

**Тұжырымдар**

Аталған қорытындыда сипатталған жүргізілген тексерулер негізінде біз Есептегі ақпарат Компанияның 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы тұрақты даму туралы саясаттарын, оқиғалары мен қызмет нәтижелерін GRI стандарттарының талаптарына және Компанияның тұрақты даму туралы есептемесі бойынша қағидаттарына сәйкес барлық маңызды аспектілерде шынайы көрсетпейді деп пайымдауға мүмкіндік беретін фактілерді таппадық.

Біз сонымен қатар Есеп GRI стандарттарына «сәйкес» Негізгі нұсқада дайындалмады деп пайымдауға мүмкіндік беретін фактілерді де таппадық.

Алматы,
2017 жылғы 26 мамыр

Тимур Бигельдеев
«NURTEAM AUDIT» ЖШС
Бас директоры

# БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ



**Құрметті оқырмандар!**

Сіздердің назарларыңызға «KEGOC» АҚ–ның тұрақты даму саласындағы есебін ұсынып отырмыз. Бұл есепте Компанияның 2016 жылғы экономикалық, экологиялық және әлеуметтік бағыттардағы қызметі туралы мәлімет ашып көрсетілді. Егер әлеуметтік жауапты бизнес қағидаттары басымдылықтар қатарына жатпаса, қазіргі заманғы жағдайда жоғары өндірістік көрсеткіштерге қол жеткізу өте қиын. «KEGOC» АҚ – Қазақстан Республикасы Ұлттық электр торабының Жүйелік операторы функциясын жүзеге асыратын, еліміздің экономикасы үшін аса маңызды инфрақұрылымдық компаниялардың бірі.

«KEGOC» АҚ бизнесінің ерекшелігі бұл стейкхолдерлердің кең ортасы алдында, ең алдымен тұтынушылар, акционерлер мен персонал алдында Компанияға көбірек жауапкершілік жүктейді. «KEGOC» АҚ Ұзақ мерзімді даму стратегиясына сәйкес Компанияның алдында Қазақстан БЭЖ сенімді жұмысын, тұрақты қаржылық жағдайын және акционерлер мен даму үшін ақша ағындарын қамтамасыз ету жөніндегі мақсаттар, сонымен қатар тұрақты даму саласындағы міндеттер тұр. Белгіленген мақсаттарды іске асыру «KEGOC» АҚ–ның әлемдік деңгейдегі Компания және өңірлік ауқымдағы электр энергетикасы саласындағы құзырет орталығы болуына мүмкіндік береді.

2016 жыл қорытындысы Компанияның алдында қойылған міндеттері табысты орындалғанын көрсетті. Осылайша, SML желісінің сенімділік көрсеткішінің мәні мен WWP пайызы жүргізілген салыстырмалы талдау нәтижелері бойынша электр энергетикалық желілердің осыған ұқсас шетелдік жүйелік операторларының сенімділік мәндері деңгейіне сәйкес келеді. Біз ұсынылатын қызметтердің сапасын жақсартуға тырысамыз. Біздің тұтынушылардың қанағаттану бағасы өткен жыл қорытындысы бойынша бес балдық шкаламен 4,56 балды құрады. Бұл Компанияға деген сенімділіктің, көрсетілген қызметтердің сапасы мен қызметкерлердің жұмыс істеу деңгейіне қанағаттанудың куәсі.

Желінің сенімділігін қамтамасыз ету, отандық экономиканың электр энергиясына қажеттілігін қанағаттандыру үшін Компания ірі ауқымды инвестициялық жобаларды жүзеге асыруды жалғастыратыны туралы айта кету қажет. Атап айтқанда, «Нұрлы–Жол» мемлекеттік бағдарламасы аясында Компания «Солтүстік–Шығыс–Оңтүстік транзитінің 500 кВ ӘЖ–сін салу» жобасын іске асыруда. Электр жеткізу желілерінің 700 шақырымнан астамын, жаңа 500 кВ «Семей» ҚС–ны салу, жұмыс істеп тұрған 500 кВ «Өскемен» ҚС, 1150 кВ «Екібастұз» ҚС мен 220 кВ «Шүлбі ГЭС» ҚС қосалқы станцияларын кеңейту бойынша барлық құрылыс–монтаждау жұмыстары жұмыс кестесінен ерте 2016 жылы аяқталды.

2016 жыл қорытындысы бойынша Компания соңғы жылдары рекордтық деңгейде 27,59 млрд.теңге мөлшерінде пайда алды. Бұл жыл Компания акционерлері үшін де қолайлы болды. «KEGOC» АҚ–ның акциялары өте өтімді болып табылады және инвесторларымыз өз тараптарынан қызығушылық білдіріп отыр. Мұны акциялар құнының өсуінен байқауға болады. 2017 жылғы басында Қазақстан қор биржасында «KEGOC» АҚ–ның акциялары бір акцияға 1 300 теңгемен баға тосқауылынан асты. Бұл орналастыру бағасынан 2,5 еседен жоғары. Дивидендтік саясат қағидаттары негізінде Компания «KEGOC» АҚ акционерлерінің құқықтары мен мүдделерін бұдан әрі де сөзсіз іске асыруды қамтамасыз етуге ниетті.

Компания әлеуметтік–еңбек қатынастарын дамытуға көп көңіл бөледі: қолайлы және қауіпсіз еңбек жағдайы жасалуда, әлеуметтік бағдарламалар іске асырылуда. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының өзгерістері мен қызметкерлердің мүдделерін есепке ала отырып, 2016 жылғы қыркүйекте кәсіподақ конференциясында «KEGOC» АҚ мен оның қызметкерлері арасында 2016–2020 жылдарға арналған жаңа ұжымдық шарт жасалды. Жаңа құжат жұмыс беруші мен Компания персоналы арасындағы әлеуметтік–еңбек қатынастарын жетілдіруге бағытталған, сонымен қатар Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен оларға теңестірілген адамдарды, ардагер энергетиктерді әлеуметтік қолдау мәселелерін көрсетеді.

Есептік жыл кешенді және ауқымды Бизнесті трансформациялау бағдарламасын іске асыру жұмысының тиімді жүргізілуімен ерекшеленеді. Бизнес–процестер мен ұйымдық құрылым оңтайландырылды, Компания енді Бағдарламаның үшінші шешуші кезеңі – Жобалар портфелін іске асыруға кірісті.

Бизнесті трансформациялау процесінің персоналға барынша көп талаптар қоя отырып, оны бұдан әрі дамуға бағыттайтыны өте маңызды. Біз бұл жұмысты жалғастыратын боламыз. Әлеуметтік тұрақтылық рейтингі (82%) және персоналды тарту рейтингі (73%) бойынша біз «Самұрық–Қазына» АҚ компаниялары тобында төрт жыл бойы алда келе жатқанымызды мақтан тұтамыз.

2017 жылға арналған жоспардың басымдығы кем емес. Компания алдағы уақытта да тораптың сенімділік көрсеткіштерінің қол жеткізілген деңгейлерін тұрақты даму басымдығын есепке ала отырып, сақтауы және арттыра түсуі, қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуі, акционерлік капиталдың табыстылығын арттыруы, тұтынушылардың көрсетілген қызмет сапасына, ал қызметкерлердің еңбек жағдайы мен мотивациялау жүйесіне қанағаттануын қамтамасыз етуі, бір сөзбен айтқанда стейкхолдерлер үшін Компаниямен өзара іс–қимылдың барлық сатысында қолайлы жағдай жасауы қажет. **(102-14)**

***Бақытжан Қажиев,***

*Басқарма төрағасы*



# ЕСЕП ТУРАЛЫ

«KEGOC» АҚ–ның 2016 жылғы тұрақты даму саласындағы есебі (бұдан әрі – Есеп) саны бойынша (2009 жылдан бастап) сегізінші болып табылады және Компанияның қаржылық есептемесін жыл сайын шығарып отыру тәжірибесін жалғастыруда. **(102-52)** «KEGOC» АҚ бұрынғы 2015 жылғы тұрақты даму саласындағы есебі 2016 жылғы маусымда жарияланды. **(102-51)** Компанияның барлық есептері «KEGOC» АҚ–ның ресми сайтында орналастырылған. 2016 жылы біздің Компания «Қазақстан қор биржасы» АҚ–ның қолдауымен өткізілген RAEX (Эксперт РА Казахстан) Жылдық есептер конкурсында 137 компания арасында «Тұрақты даму туралы үздік есеп» номинациясында жеңімпаз болғанын атап кеткен дұрыс.

Бұл есеп GRI стандарттарына сәйкес дайындалған: негізгі нұсқасы Компанияның 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсан аралығындағы тиісті қызметін сипаттайды. **(102-54, 102-50)** Сонымен қатар бұл есеп «KEGOC» АҚ–ның 2013 жылдан бастап Компания мүше болып табылатын БҰҰ жаһандық шартының қағидаттарына берілгендігін растайтын ақпаратты қамтиды.

«KEGOC» АҚ 2011 жылдан бастап Есепте берілген ақпараттың GRI стандарттарына сәйкестігін растау үшін конкурстық негізінде сыртқы тәуелсіз тарапты тартуда. Компания және 2016 жылғы есепті куәландыратын ұйым арасындағы қатынас – шартты. Есепті куәландыру дәрежесі – шектеулі. Жұртшылық алдындағы есепті «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі бекітеді. **(102-56)**

2015 жылғы есеп G4 нұсқасындағы GRI нұсқаулығы талаптарына сәйкес дайындалды, бұл Есепте қолданыстағы GRI әдіснамасының өзгеруіне байланысты өзгерістер болды. Бұрынғымен салыстырғанда бұл Есептің шекаралары өзгерген жоқ: «KEGOC» АҚ Есепті жалпы корпоративтік деңгейде дайындады: Есепте берілген мәліметтер Компанияның еншілес ұйымдары – «Энергоинформ» АҚ мен «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы–есеп айырысу орталығы» ЖШС мәліметтерін қамтиды. **(103-1) (102-49)**

«KEGOC» АҚ (ЕҰ қоса алғанда) шоғырландырылған қаржылық есептемесінің толық нұсқасымен Компанияның www.kegoc.kz. сайтында танысуға болады. **(102-45)**

Бұл есепте көрсетілген жоспарларға қатысты кез келген ақпарат болжамды сипатта және «KEGOC» АҚ–ның алдағы болатын оқиғаларға қатысты көзқарастарын көрсетеді, «KEGOC» АҚ бизнесіне, қаржылық жағдайына, операциялық нәтижелеріне, өсу стратегясы мен өтімділігіне қатысты сол немесе басқа да тәуекелдерге, екіұштылық пен ұйғарымдарға бейім.

## ЕСЕП ЖАСАУ ҚАҒИДАТТАРЫ

Есепті дайындаған кезде Компания мынадай қағидаттарды ұстанады:

***Маңыздылық*** «KEGOC» АҚ Есепке Компанияның экономикаға, қоршаған орта мен қоғамға тигізетін маңызды әсерлері көрсетілген тақырыптарды енгізеді. «KEGOC» АҚ тұрақты даму саласындағы ашып көрсету маңызды болып табылатын тақы-

рыптарды анықтау үшін электр энергетикасы саласындағы сыртқы және ішкі стейкхолдерлер мен сарапшыларға жүргізген сауалнамалар негізінде маңыздылық талдауы жасалынды.

***Мүдделі тараптармен өзара іс–қимыл*** – Компания тұрақты даму саласындағы жариялау нәтижелері бойынша жарияланымдар, «Байланыс ақпараты» бөлімінде көрсетілген электрондық почта мен телефондар бойынша хабардар етуді қоса алғанда, әр түрлі арналар арқылы кері байланыс алады. Жиналған түсіндірмелер және тілектер кезекті Есепті дайындаған кезде есепке алынады.

***Тұрақты даму мәнмәтіні*** – есептегі деректер экономикалық, экологиялық және әлеуметтік құрауышты қоса алғанда, «KEGOC» АҚ Корпоративтік басқару кодексінде белгілі бір тұрақты даму мәнмәтінінде берілген. «KEGOC» АҚ ұзақ мерзімді даму стратегиясында тұрақты даму саласындағы мақсаттар, міндеттер, негізгі бастамалар мен стратегиялық ҚНК белгіленді және бұл Есепке 2016 жылы оларға қол жеткізілгені туралы ақпарат енгізілген.

***Толық болуы*** – Есепте сала ерекшелігін есепке ала отырып, экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға тигізетін барлық айтарлықтай әсерлері бойынша барлық «KEGOC» АҚ «Жүйелік аралық электр тораптары» (ЖЭТ филиалдары) филиалдарының, «Жүйелік оператордың Ұлттық диспетчерлік орталығы» филалының (ЖО ҰДО), Атқарушы дирекциясы мен Алматы қаласындағы Өкілдігінің, еншілес ұйымдарының (ЕҰ) қызметтері туралы ақпарат берілген. Бірқатар жағдайда, ақпараттың қайталануын болдырмау үшін, Тұрақты даму саласындағы есепте Компанияның 2016 жылғы жылдық есебіне, «KEGOC» АҚ интернет–сайтына немесе жұртшылыққа қол жетімді құжаттарға сілтеме келтіреді.

***Теңгерімділік*** – Есеп «KEGOC» АҚ қызмет нәтижелілігінің оң және теріс тақырыптарын көрсетеді. Есепте ашылған жеке көрсеткіштер соңғы үш жылдағы серпінмен көрсетілген.

***Салыстырымдылық*** – Есеп GRI стандартына сәйкес дайындалды. Бұл мүдделі тұлғаларға «KEGOC» АҚ қызметін басқа ұйымдардың қызметімен салыстыруға мүмкіндік береді.

***Дәлдік және сенімділік*** – Есепте берілген ақпарат Есептің экономикаға қатысты бөлімдерін дайындаған кезде құжатпен расталған деректер негізінде жиналды және ҚЕХС сәйкес жасалған аудиттелген қаржылық есептемелер пайдаланылды.

***Уақытылылық*** – Есеп дайындау жоспарлы сипатта, есептік кезеңнен кейінгі екінші тоқсанда жарияланады.

***Айқындық*** – «KEGOC» АҚ Есеп мүдделі тараптардың кең ортасына түсінікті және қолжетімді болуы үшін тырысады.

## МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС ҚИМЫЛ ЖӘНЕ МАҢЫЗДЫЛЫҚТЫ БАҒАЛАУ

«KEGOC» АҚ Компания қызметіне әсер ету дәрежесіне қарай мүдделі тараптар (стейкхолдерлер) тобын анықтады, олармен тұрақты түрде ашық диалог жүргізіп, тұрақты даму саласындағы «KEGOC» АҚ қызметіне қатысты ақпаратты үнемі ашып отырады.

| Стейкхолдерлер | Өзара іс–қимыл | Өзара іс–қимыл арналары |
|---|---|---|
| Қаржыландырушы топтар мен акционерлер | Компания инвесторларға қатысты өз қаржылық міндеттемелерін уақытылы және толық көлемде орындайды, өзара сенімге негізделген ұзақ мерзімді іс–қимылды жүзеге асыруға тырысады. Компанияның акционерлермен өзара іс–қимыл бойынша қызметі Корпоративтік басқару кодексінде және «KEGOC» АҚ Жарғысында бекітілген акционерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мен құрметтеуге бағытталған. | Компанияның жылдық және аралық есептемесін жариялау, ХҚИ–ға мерзімді есептеме жіберу, қарыз қаражаттарын тарта отырып, орындалатын жобаларды іске асыру барысын бақылау үшін ХҚИ делегацияларымен кездесулер өткізу, олардың миссиясы мен келуі, веб–сайтта ақпарат орналастыру, акционерлердің жалпы жиналысын өткізу, акционерлер алдында тұрақты есеп беру. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсан аралығындағы кезенде акционерлерден «KEGOC» АҚ мен оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне қатысты өтініштер келіп түскен жоқ. **(102-44)** |

| Стейкхолдерлер | Өзара іс–қимыл | Өзара іс–қимыл арналары |
|---|---|---|
| Өкімет органдары және бақылаушы орган | Қазақстан Республикасының стратегиялық объектісі және табиғи монополиялар субъектісі бола отырып, «KEGOC» АҚ мемлекет алдындағы өз жауапкершілігін түсінеді, құқықтық және этикалық міндеттемелерді орындауға, сонымен қатар заңнама нормаларын орындауға тырысады. | Тұрақты есептемелер, жұмыс кездесулері, сұратуларға берілген жауаптар, жедел кездесулер |
| Кәсіби және сараптама ұйымдары, қоғамдық ұйымдар, БАҚ | «KEGOC» АҚ Қазақстан Республикасы мен одан тыс жерлерде ықпалдастықты тереңдету механизмдеріне, электр энергетикасын дамытудың үйлестірілген стратегиясын әзірлеуге назар аудара отырып, халықаралық, өңірлік және республикалық салалық ұйымдардың мүшесі және оған қатысушы болып табылады. Компания жеделдік, анықтық, қолжетімділік және теңгерімділік қағидаттарына сүйене отырып, ақпаратты ашып көрсету және өзара іс–қимыл есебінен БАҚ–та бедел капиталы мен оң имиджін қалыптастыруды қамтамасыз етеді. | Электр энергетикалық ұйымдардың қызметіне белсенді қатысу, қоғамдық тыңдаулар өткізу, веб–сайтта және БАҚ–та қызмет туралы ақпаратты ашып көрсету, сұратуларға берілген жауаптар, брифингтер, баспасөз конференцияларын өткізу. |
| Жеткізушілер | Компания тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды жүзеге асырған кезде мынадай қағидаттарды негізге алады: процестің жариялылығы мен айқындығы; сапалы тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу; мүгедектер ұйымдарын қолдаған жағдайда барлық ықтимал жеткізушілерге тең мүмкіндік беру; ықтимал жеткізушілердің арасындағы адал бәсекелестік; қабылданатын шешімдерді бақылау және оған деген жауапкершілік; делдалдардың сатып алу процесіне қатысуын азайту. | Шартты міндеттемелердің орындалуы, жеткізушілерді бағалау. Ықтимал жеткізушілермен тендер құжаттамалары жобаларын алдын–ала талқылау. |
| Тұтынушылар | Компанияда тұтынушыға бағдар қағидасы ендірілген және сақталады, тұтынушылардың талаптарын айқындау және орындау механизмдері жасалып, қамтамасыз етілді. | Тұтынушылардың қанағаттануын бағалау, көпшілік тыңдаулар, тұтынушыларға жыл сайын есеп беру, тұтынушылармен кездесулер, веб–сайтта қатысу өңірлері бойынша бос қуаттардың болуы мен қол жетімділік рәсімдерін жариялау. |
| Персонал | Компания өз қызметкерлерін сыйлайды және бағалайды, персоналдың қажеттілігі мен мұқтаждықтарына бағдар ұстайды, персонал үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын, лайықты еңбекақы мен әлеуметтік жеңілдіктер деңгейін, кәсіби оқыту мен дамытуды қамтамасыз етуге тырысады. | Менеджменттің жыл қорытындылары мен алдағы жылдарға арналған жоспарлар бойынша есептік кездесулері, өзекті мәселелер бойынша қызметкерлердің пікірлерін сұрау, ішкі портал арқылы хабардар ету және кері байланыс, әлеуметтік тұрақтылық рейтингі мен қызметкерлердің қатыстырлу деңгейін жыл сайын зерттеу, Омбудсмен институты, «қызу желі». |
| Еншілес ұйымдар | Компания корпоративтік басқарудың тиімді механизмдеріне негізделген еншілес және бағынысты ұйымдарды теңгерімді дамытуға тырысады. | Өзара іс–қимыл корпоративтік рәсімдер аясында жүзеге асырылады. «KEGOC» АҚ ЕБ басқару органдарында өкілдер арқылы басқаруды жүзеге асырады, ЕҰ қызметіне әдіснамалық қолдау көрсетеді. |
| Шектес мемлекеттердің энергия жүйелері | Қазақстан Республикасы мен шекаралас мемлекеттердің энергия жүйелерінің қатарлас жұмысын қамтамасыз ету үшін Компания ресей Федерациясымен және Орталық Азия елдерімен өзара пайдалы және тиімді ынтымақтастыққа тырысады. | Тұрақты түрде кездесулер өткізу (ОА ҮЭК, ТМД Электр энергетикалық кеңесі, ЖТҮК, «Энергия» ҮДО және басқалары), энергия жүйелерінің жұмыс режимдерін және нормативтік құжаттаманы келісу |

**(102-40, 102-42,102-43)**

Компания осы Есепте мүдделі тараптар үшін өзекті әрі маңызды ақпаратты көрсетуге тырысады. Есепті әзірлеу үшін «KEGOC» АҚ Есепте ашып көрсетілетін тақырыптардың маңыздылығына талдау жүргізді. Маңызды тақырыптарды анықтаған кезде Компанияны басқару ерекшеліктері, Компанияның экономикалық тиімділігі, адам құқықтарын сақтау, Компанияның салалық ерекшелігі ескеріліп, қоғамға және экологияға ықпалы мәселелерін қамтыған барынша толық тізім қарастырылды. Сонымен қатар Есепте ашып көрсетілетін тақырыптардың аса өзектілерін анықтау үшін 5 балдық шкала бойынша сыртқы (тұрғындар – 814 адам, сарапшылар – 36 адам) және ішкі стейкхолдерлерден (472 адам) сұрау–бағалау жүргізілді. **(103-2)**

Стейкхолдерлерден сұрау нәтижелері негізінде маңыздылық матрицасы құрылған болатын, ол стейкхолдерлерді қызықтырған «KEGOC» қызметінің негізгі тақырыптары туралы көрнекі түсінік береді, сондай-ақ ішкі және сыртқы мүдделі тараптар үшін іріктеліп алған тақырыптардың маңыздылығындағы айырмаларды көрсетеді. Әр тақырыпқа стейкхолдерлер үшін маңыздылық дәрежесіне қарай орташа балл тағайындалды. **(103-1)**

«KEGOC» АҚ тұрақты даму және біріктірілген менеджмент жүйесі жөніндегі үйлестіру кеңесінде талқылау нәтижелері бойынша маңыздылық матрицасында бақылау сызығынан жоғары тұрған тақырыптар басым әрі ашып көрсетуге міндетті болып танылды (немесе ішкі және сыртқы стейхолдерлер үшін маңыздылығы 4 баллдан артық). **(102-46), (103-3)**

*Маңыздылық матрицасы*




**Тақырыптар тізімі: G4-19 (102-47)**
201 Экономикалық нәтижелік
202 Нарықта болу
203 Жанама экономикалық әсерлер
205 Жемқорлыққа қарсы күрес
303 Су
305 Шығарындылар
307 Экологиялық талаптарға сәйкестік
401 Жұмыспен қамту
403 Оқыту және білім беру
404 Сан алуандық және тең мүмкіндіктер
405 Әлеуметтік-экономикалық талаптарға сәйкестік
419 Соответствие социально-экономическим требованиям
EU Табиғат апаты және авариялық жағдайлар
EU Энергия жүйелерінің тиімділігі
EU Қызметтерге қол жеткізу

Стейкхолдерлерден сұрау нәтижелері бойынша 2015 жылғы Есепте ашып көрсетілген тақырыптармен (аспектілермен) салыстырғанда, «Жамана экономикалық әсерлер», «Су», «Шығырындылар», «Сан алуандылық және теңдей мүмкіндіктер» тақырыптары маңызды болып белгіленді, ал «Қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәжірибесі», «Тұтынушының қол сұғылмайтын жеке өмірі» тақырыптары 2016 жылғы Есепте ашып көрсету үшін маңызды болмай қалды. **(102-49)**



## Астана к.
## Ақорда

*Ақорда – Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясы. Қазақстанның елордасы Астана қаласында Бәйтерек монументінен 300 метр жерде Есіл өзенінің сол жағалауында орналасқан. Ғимараттың жалпы алаңы 36720 м2 құрайды.*

*Ақорда әлемдегі 10 ең әдемі президент сарайлары топына енді. "Ақорда" резиденциясының атауы тікелей "Белая ставка" деп аударылады. "Ақ" деген сөз түркі мәдениетінің семантикасында ең алдымен киелі деген мағына береді. Бұл ұғым қуаныш пен құт берекенің, шынайылық пен адамгершіліктің, ар-ұждан мен жақсылықтың нышаны.*

**Қызмет географиясы:**

## СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН



# ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«KEGOC» «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «KEGOC» АҚ) Қазақстан Республикасының Ұлттық электр желісін басқаратын компания болып табылады және Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикасы жүйесінің Жүйелік операторы мәртебесі берілген. **(102-1)**

2006 жылға дейін «KEGOC» АҚ акцияларының 100 % мемлекет меншігінде болды. 2006 жылы мемлекеттік акциялар пакеті (100%) «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі Қазақстан холдингі» АҚ–ның орналастырылатын акцияларын төлеуге берілді. 2008 жылы «Қазына» тұрақты даму қоры» және «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі Қазақстан холдингі» акционерлік қоғамдарын біріктіру жолымен «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі Қазақстан холдингі» АҚ–ның құқықтық мирасқоры болып табылатын «Самұрық–Қазына» Ұлттық әл–ауқат қоры» АҚ құрылды.

2014 жылғы 18 желтоқсанда «Самұрық–Қазына» Ұлттық әл–ауқат қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Самұрық–Қазына» АҚ) еншілес және бағынысты ұйымдарының пакеттерін бағалы қағаздар нарығына шығару бағдарламасы аясында Компанияның жарияланған жай акцияларының 25 999 999 данасы жазылым жүргізу жолымен Қазақстан қор биржасына орналастырылды. 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жай–күй бойынша «KEGOC» АҚ жарияланған және орналастырылған жай акцияларының жалпы саны 260 000 000 дананы құрады, соның ішінде 234 000 001 данасы (90% плюс бір жай акция) «Самұрық–Қазына» АҚ–ға, 25 998 609 данасы миноритарлық акционерлерге тиесілі және 1 390 данасын миноритарлық акционердің талап етуімен «KEGOC» АҚ сатып алды. **(102-5)**

2016 жылы Компанияда меншік ауқымында, құрылымында айтарлықтай өзгерістер болған жоқ. **(102-10)**

Заңды мекен–жайы: 010010, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Алматы ауданы, Тәуелсіздік даңғылы, 59 ғимарат. **(102-3)**

Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес «KEGOC» АҚ Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикасы жүйесінің (БЭЖ) Жүйелік операторы болып отырып, мынадай негізгі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- электр энергиясын ұлттық электр желілері арқылы беру;
- электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру;
- электр энергиясын өндіру–тұтыну теңгерімін ұйымдастыру. **(102-2)**

Жоғарыда көрсетілген қызметтер түрлері табиғи монополия саласына жатады, осыған байланысты «KEGOC» АҚ қызметі «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі.

«KEGOC» АҚ өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырады. **(102-4)** Компанияның құрылымы «KEGOC» АҚ–ның 9 «Жүйеаралық электр тораптары» (ЖЭТ) филиалдарын, Жүйелік оператордың Ұлттық диспетчерлік орталығы (ЖО ҰДО) мен Алматы қ. Өкілдігін қамтиды. ЖЭТ филиалдары филиалдың жедел басқару аймағында жүйелік қызметтер көрсетеді. ЖО ҰДО Қазақстан Республикасы БЭЖ–ін орталықтан диспетчерлік басқаруды жүзеге асырады. Орталықтандырылған жедел–диспетчерлік басқару ЖО ҰДО–ға ЖЭТ филиалдарының құрылымдық бөлімшелері болып табылатын 9 өңірлік диспетчерлік орталықтың (ӨДО) тікелей жедел бағыну схемасы бойынша ұйымдастырылған. **(102-6)**

# ҚЫЗМЕТ ГЕОГРАФИЯСЫ



# KEGOC АҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

### *Филиалдар*

| Ақмола ЖЭТ | Ақтөбе ЖЭТ | Алматы ЖЭТ | Шығыс ЖЭТ | Батыс ЖЭТ |
|---|---|---|---|---|
| 10 ҚС | 7 ҚС | 11 ҚС | 6 ҚС | 5 ҚС |
| 8137 МВА | 2426 МВА | 4229 МВА | 3695 МВА | 950 МВА |
| ӘЖ 4230 км | ӘЖ 967 км | ӘЖ 3551 км | ӘЖ 1161 км | ӘЖ 1682 км |

| Сарыбай ЖЭТ | Солтүстік ЖЭТ | Орталық ЖЭТ | Оңтүстік ЖЭТ | ЖО ҰДО |
|---|---|---|---|---|
| 8 ҚС | 8 ҚС | 10 ҚС | 13 ҚС | 9 ӨДО |
| 6570 МВА | 3521 МВА | 3742 МВА | 3395 МВА | |
| ӘЖ 2444км | ӘЖ 3379км | ӘЖ 3482км | ӘЖ 4201 км | |

«KEGOC» АҚ еншілес ұйымдар – «Энергоинформ» АҚ мен «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы–есеп айырысу орталығы» ЖШС–ның бас компаниясы болып табылады. «Энергоинформ» АҚ Компания қызметін ақпаратпен қамтамасыз етумен шұғылданады. «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы–есеп айырысу орталығы» ЖШС 2013 жылы жаңартылатын энергия көздері (ЖЭК) секторына инвестицияларды ынталандыру және мемлекет тарапынан ЖЭК–тің барлық объектілерінен (өзіне қолдаудың осы схемасын таңдаған) электр энергиясын бекітілген тарифтер бойынша орталықтан сатып алуға кепілдік беру жолымен Қазақстанның энергия теңгерімінде ЖЭК пайдалану үлесін арттыру мақсатында құрылды.

Сонымен қатар, «KEGOC» АҚ 2005 жылы «Солтүстік Қазақстан–Ақтөбе облысы өңіраралық электр тарату желісін салу» жобасын іске асыру үшін құрылған «Батыс–Транзит» АҚ–ның қосалқы құрылтайшысы (акцияларының 20%) болып табылады.

ЖЭТ филиалдары  туралы толығырақ мәліметтер «KEGOC» АҚ сайтының «Компания туралы» бөлімінде берілген. **(102-7)**

Компанияның негізгі активі Ұлттық электр энергетикалық жүйе (ҰЭТ) болып табылады. Ол 31.12.2016ж. жай–күй бойынша габариттері 0,4–1150 кВ–ты құрайтын, жалпы ұзындығы 25096,597 шақырым (тізбектер бойымен) болатын 360 әуелік электр жеткізу желісінен (ӘЖ) және трансформаторларының белгіленген қуаты 36 662,55 МВА құрайтын, кернеуі 35–1150 кВ болатын 78 қосалқы электр станциясынан (ҚС) құралады. Олар электр энергиясының трансшекаралық ағындарын қамтамасыз ету, электр станцияларынан электр энергиясын жеткізу және өңірлік электр энергетикасы компаниялары мен ірі тұтынушылар арасындағы байланысты қамтамасыз ету үшін қызмет етеді. **(102-6)**

### *«KEGOC» АҚ ӘЖ–нің ұзындығы*



*«KEGOC» АҚ қосылқы станцияларының саны мен қуаты*




EU1
EU4

«KEGOC» АҚ мыналардың мүшесі және қатысушысы болып табылады:

- ***«Қазақстан Электр энергетикалық Қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі*** («ҚЭҚ» ЗТБ), оның негізгі міндеттері: қызметі электр энергетикасы саласымен тікелей немесе өзгелей байланысты барлық ұйымдарға қолдау көрсету; электр энергетикасы саласына қатысты мемлекеттік бағдарламаларды, заңдар мен нормативтік актілерді әзірлеуге қатысу; саланың мүдделері үкіметтің, сот және басқа органдардың шешімдеріне байланысты мәселелерде өз мүшелерінің ұстанымдарын қолдау және қорғау болып табылады;
- ***«KAZENERGY» Қазақстан мұнай–газ және энергетикалық кешен ұйымдарының қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі*** («KazEnergy» ЗТБ), оның басты мақсаттары: Қауымдастық мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін мемлекеттік органдарда қорғау, заңнамалық базаның үйлесімділігі; жер қойнауын пайдаланушыларға, электр энергиясын өндірушілерге, энергетика секторының өнімдері мен қызметтерін тасымалдаушыларға және тұтынушыларға арналған бірыңғай ақпарат өрісін құру; жергілікті, өңірлік және халықаралық деңгейде сала ішіндегі ынтымақтастық пен кәсіпкерлікті дамыту

және қолдау; Қауымдастықтың, оның мүшелері мен тұтастай алғанда саланың өңірлік және жаһандық деңгейде оң имиджін тарату; қазақстандық қоғамның экономикалық, әлеуметтік, экологиялық және ғылымии-техникалық белсенділігін ынталандыру болып табылады*;*

- ***Қазақстан Республикасының «Атамекен» ҰКП,*** бизнестің Қазақстан Республикасы Үкіметімен және мемлекеттік органдармен келіссөздік жігерін күшейту үшін құрылған;
- ***Қазақстан электр қуаты резервтері Пулы мекемесі (ЭҚРПУЛ),*** оның қызметінің негізгі мақсаты шарт негізінде Қазақстан Республикасында өндіруші қуаттар мен электр тарату желілері күтпеген жерден істен шыққан жағдайда тұтынушы-құрылтайшыларды үздіксіз электрмен жабдықтауды қамтамасыз ету үшін қуат резервтерін ұсыну болып табылады;
- ***Бәсекелестікті және тауарлы нарықтарды дамыту қауымдастығы –*** кәсіпкерлік қызметті үйлестіру, сондай-ақ бәсекелестікті және тауарлы нарықтарды дамыту мәселелері бойынша мемлекеттік органдарда, билік құрылымдарында, халықаралық және қоғамдық ұйымдарда ортақ мүдделерге өкілдік ету және қорғау үшін заңды тұлғаларды ерікті негізде біріктіретін коммерциялық емес ұйым. Аталған ұйымға кіру Компанияға «KEGOC» АҚ мүддесімен монополияға қарсы заңнамадағы қажетті өзгерістерге бастамашылық етуге және ілгерілетуге мүмкіндік береді. Қауымдастық жұмысының нәтижелері нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу және әзірлеуге қатысу, тәжірибе алмасу үшін халықаралық үкіметтік емес байланыстарды дамыту, семинарлар, конференциялар, «дөңгелек үстелдер» және басқа да шаралар өткізу, бәсекелестік пен кәсіпкерліктің дамуына, монополияға қарсы заңнаманы бұзушылықтардың алдын алуға жәрдемдесу болып табылады.
- ***Қазақстан Салық төлеушілері қауымдастығы –*** салық төлеушілердің заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауға жәрдемдесу, салықтарды еркімен және уақтылы төлеуді қамтамасыз ету мақсатында олардың білім деңгейін арттыру үшін құрылған коммерциялық емес ұйым. Қауымдастық өз мүшелерінен келіп түсетін салық салу саласындағы проблемалық мәселелерді, ұсыныстар мен ескертпелерді жүйелеп, талдайды. Жоспарлы жұмыстың нәтижелері дөңгелек үстелдер, конференциялар, форумдар мен жұмыс кездесулері аясында мүдделі министрліктер мен салық төлеушілер өкілдерінің арасындағы диалогтар, сондай-ақ ҚР салық салу мәселелері жөніндегі заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі ұсыныстар жиынтығы болады.

Сонымен қатар «KEGOC» АҚ шектес елдермен тиімді электр энергетикалық нарықты құруға жәрдемдесу және халықаралық ынтымақтастықты дамыту мақсатында мынадай халықаралық салалық ұйымдардың жұмысына ұдайы қатысады:

- Электр энергетикалық кеңес (ЭЭК) ТМД;
- Еуразиялық экономикалық одақ (Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Қырғыз Республикасы);
- Дүниежүзілік Энергетикалық Кеңес;
- EURELECTRIC Қауымдастығы;
- Әлемдік Энергетикалық Кеңес жанындағы Атқарушы Ассамблея (WEC);
- БҰҰ Еуропалық Экономикалық Комиссиясы;
- Орталық Азия Электр энергетикалық үйлестіру кеңесі (ОА ЭҮК).

2016 жылы «KEGOC» АҚ Жоғары кернеулі үлкен электр жүйелері жөніндегі Халықаралық кеңестің (Conseil International des Grands Réseaux Électriques – CIGRE) ұжымдық мүшесі болды. 1921 жылы Францияда құрылған CIGRE бүгінде әлемнің көптеген елдеріндегі саланың даму стратегиясын қалыптастыруға елеулі ықпал ететін энергетикадағы аса беделді әрі маңызды халықаралық ғылыми-техникалық қауымдастықтардың бірі болып табылады. **(102-13)**

Сонымен қатар, «KEGOC» АҚ корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарына берілгендік жөніндегі негізгі халықаралық бастамалардың бірі – БҰҰ Жаһандық шартының мүшесі болып табылады. БҰҰ Жаһандық шартының талаптарын орындау аясында Компания оның мынадай қағидаттарын ұстанады:

**Адам құқықтары саласындағы қағидаттар**

***1-қағидат:*** Іскери топтар халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарын қолдауы және сыйлауы тиіс.

***2-қағидат:*** Іскери топтар адам құқықтарының бұзылуына қатысты болмауы тиіс.

**Еңбек қатынастары саласындағы-қағидаттар**

***3-қағидат:*** Іскери топтар бірлесу еркіндігі мен ұжымдық шарттар жасау құқығының іс жүзінде танылуын қолдауы тиіс.

***4-қағидат:*** Іскери топтар мәжбүрлі және міндетті еңбектің барлық түрлерінің жойылуын жақтауы тиіс.

***5-қағидат:*** Іскери топтар бала еңбегінің толығымен жойылуын жақтауы тиіс.

***6-қағидат:*** Іскери топтар жұмыспен қамту саласында да кемсітушіліктің жойылуын жақтауы тиіс.

**Қоршаған ортаны қорғау саласындағы қағидаттар**

***7-қағидат:*** Іскери топтар сақтық қағидатына негізделген экологиялық мәселелерге көзқарасты қолдауы тиіс.

***8-қағидат:*** Іскери топтар қоршаған ортаның жай-күйіне жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамаларды қолға алуы тиіс.

***9-қағидат:*** Іскери топтар экологиялық қауіпсіз технологиялардың дамуына және таралуына жәрдемдесуі тиіс.

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қағидаттар**

***10-қағидат:*** Іскери топтар бопсалау мен парақорлықты қоса алғанда, сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлеріне қарсы тұруы тиіс.

Компания Қазақстан Республикасы заңнамасы мен ішкі нормативтік құжаттардың талаптарын сөзсіз сақтау жөніндегі міндеттемелерден басқа 2008 жылдан бастап ISO 9001, ISO 14001, OHSAS 18001, 2015 жылдан бастап ISO /ЕАС 27001 халықаралық стандарттары талаптарына сәйкес біріктірілген менеджмент жүйесін (БМЖ) ендіру және сертификаттау бойынша өзіне ерікті түрде бастама алды. Сертификаттау аясы – жүйелік қызмет көрсету, таралу аясы – филиалдар мен ЕБҰ-ды қоса алғанда, бүкіл Компания болып табылады. **(102-12)**

2016 жылы Директорлар кеңесінің бастамасымен тұрақты даму мәселелеріне айрықша назар аудару, атап айтқанда: экология, еңбек, қауіпсіздік және осы мәселелер бойынша зерттеулер жүргізу және Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру мақсатында, ***Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитет*** құрылды.

«KEGOC» АҚ-да Тұрақты даму және БМЖ жөніндегі Үйлестіру кеңесі тұрақты жұмыс істейді. Кеңестің негізгі міндеттері:

- халықаралық тәжірибеге сәйкес тұрақты даму саласындағы қағидаттарды ілгерілетуді және сақтауды қамтамасыз ету;
- менеджмент жүйелерін құрғанда, қолдағанда және нәтижелілігін ұдайы жақсартқанда тұрақты даму және БМЖ саласында басқару мәселелері жөнінде жоспарлауды қамтамасыз ету;
- тұрақты даму және БМЖ мәселелері жөнінде жауапкершілік пен өкілеттіктерді белгілеуді қамтамасыз ету;
- «KEGOC» АҚ-да тұрақты даму саласындағы іс-шараларды іске асырудың шынайы куәліктерін алу;
- БМЖ әзірлеу және ендіру, сондай-ақ оның нәтижелігін ұдайы жақсарту жөніндегі міндеттемелерді қамтамасыз ету;
- тұрақты даму және БМЖ аясында мүдделі тараптармен (стейкхолдерлермен) ақпарат алмасу процесін әзірлеуді және жұмыс істеуін қамтамасыз ету.
- БМЖ қызмет етуі аясында тұтынушылардың талаптарын, заңнамалық және регламенттеуші талаптарды анықтауды қамтамасыз ету, сондай-ақ тұтынушылардың қанағаттанғандығын арттыру үшін осы талаптардың орындалуын қамтамасыз ету болып табылады. **(102-18)**

## ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТ

«Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес «KEGOC» АҚ Жүйелік оператор бола отырып, нарықтың барлық қатысушыларының электр энергиясына еркін қолжетімділігін қамтамасыз етеді. Ұлттық электр желісіне қосылу «Электр желілік қағидаларға» және «Электр энергиясын пайдалану қағидаларына» сәйкес іске асырылады. «KEGOC» АҚ электр энергиясы нарығының барлық субъектілерінің Ұлттық электр желісіне қолжетімділігінің тең жағдайларын қамтамасыз етеді. ҰЭТ-ке қолжетімділік туралы Компанияның ресми сайтындағы «Біздің қызметіміз» бөлімінде толығырақ баяндалған.

«KEGOC» АҚ қызметтерінің тұтынушылары мынадай заңды тұлғалар: энергия өндіруші, энергия таратушы, энергиямен жабдықтаушы ұйымдар, өнеркәсіп орындары болып табылады. **(102-6)**

2016 жылы көтерме нарықтың субъектілеріне жүйелік қызметтер жасалған шартқа және тұтынушылардың өтінімдеріне сәйкес толық көлемде көрсетілді. 2015 жылдан ауысатын және 2016 жылы жасалған тұтынушыларға қызмет көрсету, электр энергиясын сатып алу туралы шарттар мен келісімдердің жалпы саны мынаны құрады:

| Шарттар | Саны |
|---|---|
| өңіраралық деңгейдегі желілер бойынша электр энергиясын жеткізу бойынша | 222 |
| электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру бойынша | 83 |
| электр энергиясын өндіру–тұтын теңгерімін ұйымдастыру бойынша | 225 |
| резервтік электр энергиясын жеткізу және беру бойынша | 1 |
| ысыраптарды өтеу және шаруашылық қажеттіліктері үшін электр энергиясын сатып алуға | 18 |
| қуатты реттеу қызметтерін сатып алуға | 2 |
| электр энергиясының нақты мемлекетаралық сальдо–ағындарының жоспардағыдан сағаттық ауытқу көлемін өтеу мақсатында РФ–дан электр энергиясын сатып алуға | 1 |
| электр энергиясының нақты мемлекетаралық сальдо–ағындарының жоспардағыдан сағаттық ауытқу көлемдерін өтеу мақсатында РФ–ға электр энергиясын сатуға | 1 |
| «ФСК ЕЭС» ҚАҚ үшін электр энергиясын жеткізу (транзит) жөнінде қызмет көрсетуге | 1 |
| «Узбекэнерго» АҚ үшін қуатты (жиілік) реттеу жөнінде қызмет көрсетуге | 2 |
| «Батыс транзит» АҚ–дан ысыраптарға электр энергиясын жеткізу жөнінде қызмет көрсетуге | 1 |
| жоспардан тыс электр энергиясын сатып алуға | 1 |
| жоспардан тыс ағындарды реттеу үшін электр энергиясын сатып алуға («НЭС Кыргызстана» ААҚ–дан) | 1 |
| жоспардан тыс ағындарды реттеу үшін электр энергиясын сатуға («НЭС Кыргызстана» ААҚ үшін) | 1 |
| **БАРЛЫҒЫ** | **560** |

***Тұтынушылардың санаттары бойынша негізгі қызмет бойынша шарттар саны***




**EU 3, 102-6**

# ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ЖЕТКІЗУ

2016 жылы ҰЭТ арқылы электр энергиясын жеткізу қызметтерінің нақты көлемі 39 213,5 млн. кВтсағ. құрады. 2015 жылмен салыстырғанда, аталған көрсеткіштің өсімі 1 316,5 млн.кВт сағ., немесе 3,5% болды, бұл ең алдымен 2015 жылы болмаған Ресей Федерациясына және Қырғыз Республикасына электр энергиясын экспорттауды қайта бастаумен байланысты. 2016 жылы электр энергиясын экспорттау көлемі 1 991,7 млн.кВтсағ. құрады.

2016 жылы «KEGOC» АҚ мен «БЭЖ ФСК» ПАҚ арасындағы шартқа сәйкес Ресей Федерациясы–Қазақстан Республикасы–Ресей Федерациясы бағытында «KEGOC» АҚ желілері арқылы электр энергиясын жеткізу (транзит) іске асырылды. «KEGOC» АҚ осы транзит бойынша көрсеткен қызмет көлемі 3 630,6 млн.кВт сағ. құрады, бұл 2015 жылға қарағанда 30,9 млн.кВт-сағ төмен. 2016 жылғы қорытындылары бойынша «KEGOC» АҚ электр энергиясын жеткізу қызметтерінің ең ірі тұтынушылары: «БЭЖ ФСК» ПАҚ, «Теміржолэнерго» ЖШС, «Қазмырыш» ЖШС, «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС, «Шығысэнерготрейд» ЖШС болып табылады

*«KEGOC» АҚ желілері арқылы электр энергиясын жеткізу, млрд.кВт·сағ*




# ТЕХНИКАЛЫҚ ДИСПЕТЧЕРЛЕНДІРУ

2016 жылы электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчелендіру жөнінде көрсетілген қызметтердің нақты көлемі 85 738,6 млн.кВтсағ. құрады. 2015 жылмен салыстырғанда қызметтердің көлемі 2 929,7 млн.кВтсағ немесе 3,5%–ға артқан, бұл Қазақстан Республикасының энергия өндіруші ұйымдарының электр энергиясын өндіруінің және желіге босатуының өсуімен байланысты. «KEGOC» АҚ техникалық диспетчелендіру қызметтерінің ең ірі тұтынушылары «Еуразиялық энергетикалық корпорация» АҚ, «Б.Нұржанов атындағы Екібастұз МАЭС–1» ЖШС, «Kazakhmys Energy» ЖШС, «Алматы электр станциялары» АҚ, «ЕМАЭС–2 станциясы» АҚ болып табылады.

Техникалық диспетчерлендіру, млрд.кВт·сағ




# ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ ТҰТЫНУ ТЕҢГЕРІМІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

2016 жылы электр энергиясын өндіру–тұтыну теңгерімін ұйымдастыру қызметтерінің нақты көлемі 161 616,0 млн.кВтсағ құрады. 2015 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда қызметтер көлемі 4 577,9 млн.кВтсағ немесе 2,9% артқан, бұл Қазақстан Республикасының көтерме сауда нарығында электр энергиясын өндіру мен тұтынудың жалпы өсуіне байланысты. 2016 жылы аталған қызметтердің ең ірі тұтынушылары «Еуразиялық энергетикалық корпорация» АҚ, «Б.Нұржанов атындағы Екібастұз МАЭС–1» ЖШС, «Kazakhmys Energy» ЖШС, «АрселорМиттал Теміртау» АҚ, «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС болып табылады.

Электр энергиясын өндіру–тұтыну теңгерімін ұйымдастыру, млрд.кВт·сағ




(102-7)

Халықаралық шарттар аясында «KEGOC» АҚ шектес мемлекеттердің энергия жүйелерімен электр энергиясын сатып алу–сату жөніндегі операцияларды іске асырады.

Мәселен, 2016 жылы «KEGOC» АҚ мыналарды іске асырды:

**Электр энергиясын сату:**

- Ресей Федерациясына электр энергиясы ауысымдарының жоспардағыдан 854,923 млн.кВт·сағ көлемінде электр энергиясының нақты мемлекетаралық сальдо–

ағындарының жоспардағыдан сағаттық ауытқу көлемдерін өтеу мақсатында, бұл 2015 жылғыға қарағанда 134,7 млн.кВт•сағ аз;

- Қырғыз Республикасына Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасының энергия жүйелері арасындағы 4,7 млн.кВтсағ көлемінде электр энергиясының жоспардан тыс ауысымдарын ретке келтіру үшін.

**Электр энергиясын сатып алу:**

- Ресей Федерациясынан және Қазақстан Республикасының станцияларынан 854,923 млн.кВт•сағ көлемінде электр энергиясының нақты мемлекетаралық сальдо–ағындарының жоспардағыдан сағаттық ауытқу көлемдерін өтеу мақсатында, бұл 2015 жылғыға қарағанда 134,7 млн.кВт•сағ аз;
- Қырғыз Республикасынан 13,1 млн.кВтсағ көлемінде технологиялық шығысты (шығындарды) өтеу үшін;
- Қазақстан Республикасының станцияларынан Қазақстан БЭЖ–ден Қырғызстан энергия жүйесіне 4,7 млн кВт•сағ көлемінде жоспардан тыс электр энергиясы ағындарын ретке келтіру үшін.

Сонымен қатар, 2016 жылы Компания технологиялық шығысты (шығындарды) өтеу және ҰЭТ шаруашылық мұқтаждарына 2 509,006 млн.кВт•сағ, соның ішінде Ресей Федерациясынан 71,8 млн.кВт•сағ, Қырғыз Республикасынан 13,1 млн.кВт•сағ. көлемінде электр энергиясын сатып алды. 2016 жылы шығындарды өтеуге электр энергиясын сатып алу көлемі 2015 жылмен салыстырғанда 59,958 млн.кВт•сағ артты (2015 жылғы 2 449,049 млн.кВт•сағ 2016 ж. 2 509,006 млн.кВт•-сағ дейін). **(102-7)**

Көрсетілетін қызметтер сапасын жақсарту үшін «KEGOC» АҚ «Жүйелік қызметтер көрсетуді және тұтынушылардың наразылықтарын басқару» ішкі стандартын әзірледі, соған сай сирек дегенде жарты жылда бір рет жүйелік қызметтердің тұтынушыларымен сауалнама жүргізіледі. Сауалнама Компания қызметкерлерінің жұмыс деңгейін бағалауды, ұсынылатын іскерлік және техникалық ақпараттың дұрыстығын, тұтынушылардың өтініштері бойынша жұмыстың жеделдігін, жүйелік қызметтердің сапасын, жедел–диспетчерлік басқару бөлігіндегі ӨДО жұмыс сапасын және «KEGOC» АҚ көрсететін қызметтердің сапасын жақсарту туралы ұсыныстарды сұратуды қамтиды. Сауалнама нәтижелері көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға талданады. **(103-2)** 2016 жылы тұтынушылардың қанағаттануы дәрежесінің жылдық орташа бағалауы бес балдық шкала бойынша 4,56 балды құрады. **(103-3)** Тұтынушылардың қанағаттануы дәрежесі берілген деңгейде болады. Жақсарту қажет етілетін өлшемдер бойынша тиісті шаралар қолданылады. **(102-43)**

Компания жыл сайын тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында тыңдаулар түрінде реттелмелі қызмет (тауарлар, жұмыстар) көрсету жөніндегі өз қызметі туралы есеп береді. Тыңдаулардың мақсаты тұтынушылар құқықтарын қорғау жүйесін күшейту, Компания қызметінің айқындығын қамтамасыз ету болып табылады. Жыл сайынғы есептерді өткізудің негізгі қағидаттары жариялылық, Компания қызметінің ашықтығы мен тұтынушылар мүдделерінің теңгерімін сақтау болып табылады. Мәселен, 2016 жылғы сәуірінде «KEGOC» АҚ тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалардың алдында Компанияның 2015 жылғы қызметі туралы жария тыңдаулар ұйымдастырылды.

Компания жүйелі негізде көрсетілетін жүйелік қызметтердің Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкестігіне бағалау жүргізеді. 2016 жылы қызмет көрсетуге қатысты заңнаманы және нормативтік талаптарды бұзушылық орын алды. «KEGOC» АҚ ҚР ҰЭМ ТМРжәнеБҚК жоспарлы тексерісін өткізгенде анықталған «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Олардың мәні: жүйелік қызметтер туралы шарттардың Қазақстан Республикасының Үкіметі және уәкілетті органдар бекіткен үлгі шарттарға сәйкес жасалмауы (үлгі шарттарда көзделмеген төлем және тариф талаптарына қатысты тұжырымдамаларға жол берілген); ҚР ҰЭМ ТМРжәнеБҚК келісімінсіз өзге қызметпен айналысу; Компанияда негізгі қызметпен байланысты емес мүліктің бар болуы; инвестициялық бағдарламаның және реттелетін қызметтердің тарифтік сметаларының орындалмауы. Нәтижесінде «KEGOC» АҚ–ға айыппұлдар түрінде жалпы сомасы 10,819 млн. теңгеге әкімшілік өндіріп алу салынды. Анықталған бұзушылықтар бойынша Компанияда түзету және алдын алу іс–қимылдары жоспары әзірленді. Айта кетелік, 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына енгізілген өзгерістер күшіне енді. Оған сәйкес табиғи монополия субъектілері үшін өзге қызметпен шұғылдануға және негізгі қызметпен байланысты емес мүліктің бар болуына тыйымдар күшін жойды. **(419-1)**

Қазақстан Республикасы үшін электр энергетикасының маңызы зор, өйткені еліміздің металлургия және мұнай мен газ өндіру секілді негізгі салалары энергияны молынан қажет ететінімен сипатталады. Тиісінше, Қазақстан өнеркәсібінің бәсекеге қабілеттілігі мен халық тұрмысының сапасы көбіне тұтынушыларды энергиямен сенімді әрі сапалы жабдықтауға байланысты. **(103-1)** Желінің сенімділік деңгейін бағалау үшін Компания саланың стандартты көрсеткіштерін пайдаланады:




***SAIDI*** *(System Average Interruption Duration Index – ажыратудың орташа ұзақтығы) – бір жылда жүйедегі бір ажыратудың орташа ұзықтығын сипаттайды.*




**EU28, EU29**

***SAIFI*** *(System Average Interruption Frequency Index – жүйеде зақымданулардың пайда болуының орташа жиілігі) – тұтынушыларды электрмен жабдықтау іркілістерінің орташа жиілігін сипаттайды.* **(103-2)**

Байқалатын SAIDI және SAIFI көрсеткіштерінің жақсару үрдісі Компания ҰЭТ сенімділігін арттыру үшін қолға алған шаралардың нәтижесі болып табылады. **(103-3)**

Бизнесті түрлендіру бағдарламасы аясында жүргізілген Компания қызметінің тиімділігінің қолданыстағы көрсеткіштерін (ҚНК) талдау Компания Стратегиясының мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін олардың жеткіліксіз екенін көрсетті. Мәселен, желінің сенімділігі деңгейін бағалау үшін сондай-ақ SML (System Minutes Lost – жүйелік минуттар шығындары) және WWP (Percentage of Work Without Problems – жүйенің іркіліссіз жұмыс істеу уақыты пайызы) индикаторлары белгіленген, олардың басымдықтары мыналар болып табылады, олар:

- Қазақстанның Ұлттық электр торабының техникалық сенімділігі мен пайдалану деңгейін көрсетеді (өңіраралық және мемлекетаралық деңгейдегі электр желілері);
- Компанияның жауапкершілігі шегіндегі ажыратылымдардың барлық түрлерін қамтиды;
- Желілік Жүйелік оператордың қызметінің ерекшелігін көрсетеді (оның функциялары электр энергетикасы туралы заңнамамен белгіленген).

2016 жылы SML көрсеткішінің мәні 0,24 минутты, ал WWP көрсеткішінің мәні 99,83% құрады және жүргізілген бенчмаркингтің нәтижелері бойынша электр энергетикасы желілерінің ұқсас жүйелік операторларының сенімділік көрсеткіштерінің мәндері деңгейіне сәйкес келеді.

## ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Өңіраралық желіні дамыту және жаңа өндіруші қуаттарды іске қосуға жоспарланған қуаттарды беру перспективаларын ескере отырып, Компания ұлттық электр торабын жаңғыртуға, республика тұтынушыларының электр энергиясына деген қажеттігін өтеу мақсатында жаңа электр энергетикасы объектілерін салуға, экспорттық және транзиттік әлеуетті құруға бағытталған белсенді инвестициялық саясат жүргізеді. Компанияның барлық инвестициялық жобаларының әлеуметтік маңызы бар екенін атап көрсету қажет. **(103-1)**

«Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы аясында «KEGOC» АҚ «500кВ Солтүстік–Шығыс–Оңтүстік ӘЖ транзитінің құрылысы» ауқымды жобасын іске асыруда. Жобаны іске асыру екі кезеңге бөлінген:

- I кезең – 500 кВ Екібастұз–Шүлбі ГЭС (Семей)–Өскемен желісін салу.
- I кезең – 500 кВ Шүлбі ГЭС (Семей)–Ақтоғай–Талдықорған–Алма желісін салу.

2016 жылы жобаның I кезеңінің барлық құрылыс–монтаждау жұмыстары жоспардағы 2017 жылы аяқтау мерзімінің орнына жұмыстарды жүргізу кестесінен ерте сәтті аяқталды. Жалпы ұзындығы 598,5 шақырым болатын 500 кВ Екібастұз–Шүлбі ГЭС (Семей)–Өскемен және жалпы ұзындығы 106 шақырым болатын 500 кВ «Семей» ҚС–ға кіретін 220 кВ «Семей– Шүлбі ГЭС» электр тарату желілері салынды. Сондай-ақ, жаңа 500 кВ «Семей» ҚС салынды, жұмыс істеп тұрған 500 кВ «Өскемен» ҚС, 1150 кВ «Екібастұз» ҚС және 220 кВ «Шүлбі ГЭС» ҚС кеңейтілді. Объектілер 2016 жылғы 6 желтоқсанда «Индустрияландыру күні» аясында Мемлекет басшысының қатысуымен жалпыұлттық телекөпір кезінде іске қосылды.

2016 жылы «KEGOC» АҚ мына инвестициялық жобаларды іске асыруды жалғастырды:

- **«500 кВ Шүлбі ГЭС (Семей)–Ақтоғай–Талдықорған–Алма ӘЖ салу;**
- **«Павлодар энергия торабының Қазақстан БЭЖ–мен байланысын күшейту» жобасы;**
- **«ҰЭТ қалпына келтіру» жобасы. (103-3)**

2016 жылы Компания ҚҚС есептемегенде 44 001,05 млн. теңгеден астам, соның ішінде ірі стратегиялық жобаларды игеруге – 40 035,46 млн.теңге, қолданыстағы активтерді қайта жаңартуға және айырбастауға – 2 586,89 млн.теңге және несие үшін капиталдандырылған сыйақыларды төлеуге 1 378,70 млн.теңге қаражатты игерді. **(203-2)**

Инвестициялық қызмет туралы толығырақ ақпаратпен «KEGOC» АҚ–ның 2016 жылғы Жылдық есебінен танысуға болады.



Қызмет географиясы:

**ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН**

Қарағанды қ.

## Кеншілердің Мәдениет үйі

*Кеншілердің Мәдениет үйі (КМҮ) – Қарағанды қаласы символдарының бірі. Оның ғимаратында Қазақ драма театры мен Музыкалық комедия театры орналасқан.*

*1940 жылы жергілікті архитекторлар И.Бреннер мен Я.Яноштың жобасы бойынша КМҮ құрылысы басталды. Ұлы Отан соғысының басталуына байланысты КМҮ құрылысы уақытша тоқтатылды. 1950 жылдың соңында КМҮ орталық бөліктері қолданысқа енгізілді. 1952 жылы КМҮ толығымен пайдалануға берілді.*



# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Стратегияға сәйкес Компания өзінің алдына әлемнің жетекші компанияларының корпоративтік басқару деңгейіне жету жөнінде биік мақсаттар қойды. Корпоративтік басқаруды әрі қарай жетілдіру және 2015 жылы акционерлердің Жалпы жиналысында бекітілген Корпоративтік басқару кодексінің ережелерін ендіру және сақтау мақсатында Компания күш–жігерін:

- акционерлердің құқықтарын тиімді іске асыруды;
- акционерлерге әділ қарауды;
- тиімді теңгерімді дивиденд саясатын;
- «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі мен Басқармасы қызметінің тиімділігін;
- тұрақты дамуды және мүдделі тараптармен өзара іс–қимылдың тиімді жүйесін;
- мүдделі тараптарға Компания туралы ақпаратты тиісті түрде ашып көрсетуді;
- тәуекелдерді және ішкі бақылау жүйелерін жетілдіруді қамтамасыз етуге бағыттайды.

«KEGOC» АҚ Жарғысына сәйкес Компанияның органдары:

- жоғары органы – акционерлердің Жалпы жиналысы,
- басқару органы – Директорлар кеңесі,
- атқару органы – Басқарма болып табылады. **(102-18)**

## АКЦИОНЕРЛЕР

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жай–күй бойынша «KEGOC» АҚ–ның жарияланған және орналастырылған жай акцияларының жалпы саны 260 000 000 дананы құрады, оның 234 000 001 данасы (90% плюс бір жай акция) «Самұрық–Қазына» АҚ–ға, 25 998 609 данасы миноритарлық акционерлерге тиесілі және 1 390 данасын миноритарлық акционердің талап етуімен «KEGOC» АҚ сатып алған.

Акционерлердің Жалпы жиналысы өз қызметін «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «KEGOC» АҚ Жарғысына және Акционерлердің Жалпы жиналысы туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады. 2016 жылғы ішінде «KEGOC» АҚ акционерлердің үш жалпы жиналысын өткізді:

2016 жылға 29 қаңтарда акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы өткізілді, онда «Эрнст энд Янг» ЖШС» АҚ 2016–2018 жылдардағы қаржылық есептемесінің аудитін жүргізетін аудиторлық ұйым болып белгіленді, сондай–ақ аудиторлық қызметтер ақысы ҚҚС есептемегенде 124 000 000 (жүз жиырма төрт миллион) теңге болып белгіленді.

**2016 жылғы 29 сәуірінде акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілді, онда:**

- жылдық қаржылық есептеме бекітілді және «KEGOC» АҚ жай акциялары бойынша 2015 жылы «KEGOC» АҚ дивидендтер төлемейтіні туралы шешім қабылданды;
- акционерлердің «KEGOC» АҚ мен оның лауазымды тұлғаларының іс–әрекеттеріне қатысты өтініштері және оларды қарау нәтижелері туралы мәселе қаралды.

**2016 жылғы 28 қазанда акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы өткізілді, онда:**

- «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің сандық құрамын өзгерту, «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау, сондай–ақ «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерінің өкілеттік мерзімін, сыйақылар және шығындарына өтемақы төлеу көлемі мен шарттарын белгілеу туралы шешім қабылданды;
- «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді;
- аралық қаржы есептемесі, таза табысты бөлу тәртібі бекітілді, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу және 2016 жылғы бірінші жартысында «KEGOC» АҚ бір жай акциясына есептегенде дивидендтердің мөлшері туралы шешім қабылданды.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ КОМИТЕТТЕРІ

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап 28 қыркүйекке дейін Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына Директорлар кеңесінің мына мүшелері енді: Директорлар кеңесінің төрағасы – К.Бектеміров, Басқарма төрағасы Б.Қажиев, тәуелсіз директорлар – А.Спицын, Л.Сутера, Д.Фаш, Я.Биалек.

«KEGOC» АҚ акционерлерінің 2016 жылғы 28 қазандағы кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен (№ 5 хаттама) акционерлерге әділ көзқарасты есепке ала отырып, Директорлар кеңесінің теңгерімделген құрамын қамтамасыз ету мақсатында Директорлар кеңесі 8 (сегіз) адамнан тұратын жаңа құрамда құрылды:

**Қуаныш Әбдіғалиұлы Бектеміров** – «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, ірі акционер – «Самұрық–Қазына» АҚ өкілі, 1970 жылы туған, Қазақстан Республикасының азаматы.

**Анатолий Тихонович Спицын –** тәуелсіз директор, Еуразиялық Экономикалық Қоғамдастықтың интеграциялық проблемаларды стратегиялық зерттеу институтының директоры, 1939 жылы туған, Ресей Федерациясының азаматы. «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару жөніндегі комитетінің төрағасы, Аудит жөніндегі комитетінің, Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитетінің, Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитетінің мүшесі.

**Лука Сутера** – тәуелсіз директор, топтың қаржы директоры, Nebras Power (Катар тәуелсіз халықаралық энергетикалық компаниисы) Басқармасы мүшесі, 1971 жылы туған, Италия азаматы. «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің төрағасы, Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитетінің, Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитетінің мүшесі.

**Доминик Фаш** – тәуелсіз директор, «РТФ» ЖШҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, Франция, Ницца, София–Антиполис технопаркінің Директорлар кеңесінің мүшесі, 1949 жылы туған, Франция азаматы. «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитетінің, Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитетінің төрағасы, Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару жөніндегі комитетінің мүшесі.

**Януш Биалек –** тәуелсіз директор, Сколков ғылым мен технологиялар институтының «Сколтеха» энергетикалық жүйелер жөніндегі зерттеу орталығының директоры, 1955 жылы туған, Ұлыбритания, Польша және Солтүстік Ирландия азаматы. «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитетінің, Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитетінің, Аудит жөніндегі комитетінің мүшесі.

**Сүйіншілік Әмірхамзаұлы Тиесов** – «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, ірі акционер – «Самұрық–Қазына» АҚ өкілі, 1946 жылы туған, Қазақстан Республикасының азаматы.

**Жанна Дачерқызы Егімбаева** – «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, ірі акционер – «Самұрық–Қазына» АҚ өкілі, «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ–да кеңесші, 1953 жылы туған, Қазақстан Республикасының азаматшасы. «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитетінің, Аудит жөніндегі комитетінің мүшесі.

**Бақытжан Төлеуқажыұлы Кажиев** – «KEGOC» Директорлар кеңесінің мүшесі, Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы, 1964 жылы туған, Қазақстан Республикасының азаматы.

Жергілікті халықтан (Қазақстан Республикасының азаматтары) алынған жоғары дәрежелі басшылардың («KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің және Басқармасының мүшелері)

үлесі 75% құрайды. «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі мен Басқармасының құрамы және жұмысы туралы толығырақ ақпарат «KEGOC» АҚ–ның 2016 жылғы Жылдық есебінде баяндалған. **(202-2)**

2016 жылы Директорлар кеңесі 12 күндізгі және 3 сырттай отырыс өткізді, онда 153 мәселе, соның ішінде тұрақты даму мәселелері қаралып, олар бойынша тиісті шешімдер қабылданды:

- «KEGOC» АҚ-ның 2025 жылға дейінгі Ұзақ мерзімді даму стратегиясына өзгерістер мен толықтырулар бекітілді, оның аясында үш «тұрақты даму» стратегиялық мақсатының бірі анықталды, адами ресурстарды басқару, экология және еңбек қауіпсіздігі және денсаулықты қорғау саласындағы көрсеткіштердің нысаналы мәндері белгіленді;
- «KEGOC» АҚ жылдық/аралық қаржы есебі, жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу/төлемеу және бір жай акцияға есептегенде дивидендтердің мөлшері туралы ұсыныстар қаралды;
- инвестициялық бағдарламаны, ірі инвестициялық жобаларды іске асыру жөніндегі есептер қаралды;
- тұрақты даму саласындағы басқару жүйесі жөніндегі нұсқаулық бекітілді;
- 2015 жылғы Жылдық есеп пен тұрақты даму саласындағы есеп бекітілді;
- «KEGOC» АҚ корпоративтік басқаруды жетілдіру және тұрақты даму саласындағы шараларды қамтитын «KEGOC» АҚ 2016-2020 жылдарға арналған Корпоративтік басқару кодексін ендіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді;
- «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитеті құрылды, ол туралы Ереже бекітілді;
- Тәуекелдер Тізілімі мен Картасы, Негізгі тәуекелдерді басқару жөніндегі Іс-шаралар жоспары, тәуекел-тәбет бекітілді, сондай-ақ тұрақты даму саласындағы тәуекелдерді және оларды басқару жөніндегі шараларды қамтитын тәуекелдер туралы тоқсан сайынғы есептер қаралды;
- «KEGOC» АҚ-ның әлеуметтік тұрақтылықтың жоғары деңгейін қолдау жөніндегі 2016-2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді.

Аса маңызды мәселелерді, соның ішінде тұрақты даму мәселелерін қарау және «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін Директорлар кеңесінің консультативтік-кеңесші органдары болып табылатын комитеттер құрылды:

- Аудит жөніндегі комитет;
- Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет;
- Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару жөніндегі комитет.
- Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитет.

**Аудит жөніндегі комитет** мына мәселелер бойынша ұсынымдар әзірлеу және Директорлар кеңесіне ұсыну мақсатында құрылды:

- Компанияның қаржы-шаруашылық қызметін бақылау;
- ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің сенімділігі мен тиімділігі;
- сыртқы және ішкі аудиттің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауды қамтамасыз ету процестерінің тәуелсіздігі.

**Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет** мына мәселелер бойынша ұсынымдар әзірлеу және Директорлар кеңесіне ұсыну мақсатында құрылды:

- тәуелсіз директорларға, Басқарма құрамына, Корпоративтік хатшыға кандидаттарды таңдау немесе тағайындау;
- директорларға, Басқарма мүшелеріне, Корпоративтік хатшыға тиісті сыйақы төлеу;
- Компания қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету.

**Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару жөніндегі комитет** мына мәселелер бойынша ұсынымдар әзірлеу және Директорлар кеңесіне ұсыну мақсатында құрылды:

- Қоғам қызметінің, сондай-ақ даму стратегияларының, даму жоспарының, Компанияның инвестициялық бағдарламалары мен ірі инвестициялық жобаларының басым бағыттары;
- Компанияда корпоративтік басқаруды жақсарту, Корпоративтік басқару кодексін ендіру;
- Қоғамның тұрақты даму саласындағы қызметі туралы мәселелерді қарау;
- тәуекелдерді басқару жүйесін жоспарлау процесіне кіріктіру мақсатында стратегиялық тәуекелдер.

**Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитет** мына мәселелер бойынша ұсынымдар әзірлеу және Директорлар кеңесіне ұсыну мақсатында құрылды:

- Басқарма мен Директорлар кеңесінің алдына есептілікті қоса алғанда, өнеркәсіптік қауіпсіздікті және еңбекті, қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету саясаты мен рәсімдері;
- қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау және Директорлар кеңесінің қойған осы саладағы мақсаттарға қол жеткізу бөлігіндегі стратегиялық ҚНК мониторингі;
- ірі технологиялық бұзушылықтарды, ауыр зардаппен аяқталған топтық жазатайым жағдайларды тергеу нәтижелері, және қажетті шаралар қолдану жөнінде ұсынымдар дайындау;
- Компанияда қабылданған қауіпсіздікті және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау саласындағы тәжірибеге, озық тәжірибеге сәйкестік.

Комитет өз қызметін «KEGOC» АҚ Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитеті туралы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

2016 жылы Комитет бір күндізгі отырыс өткізді, онда «KEGOC» АҚ Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитеті туралы ережесі мен «KEGOC» АҚ еңбекті қорғау және қауіпсіздік туралы есебі қаралды. **(102-18)**

## ІСКЕРИ ЭТИКА

Оның негізінде «KEGOC» АҚ қызметі қалыптасатын негізгі корпоративтік құндылықтар қызметкерлерінің тәртіптілігі, сенімділігі мен кәсібилігі, еңбегінің тиімділігі, өзара көмек, бір біріне, мүдделі тұлғаларға және тұтастай алғанда қоғамға құрметі болып табылады. **(103-1)** Директорлар кеңесі «KEGOC» АҚ Іскери этика кодексін бекітті, оған сәйкес Компания іскери этиканың мынадай қағидаттарын басшылыққа алады: адалдық, өзара сыйластық, сенім, әділдік, ізгі ниеттілік, айқындық, жауапкершілік. Іскери этика кодексінде мінез-құлықтың жалпы нормалары, моралдық-этикалық нормалар, сыбайлас жемқорлыққа және лауазымдық міндеттерді атқарғанда жеке басының пайдасын алуға төзбеушілік белгіленді. Компанияның лауазымды тұлғаларын қоса алғанда барлық қызметкерлерін Іскери этика кодексінің ережелерімен таныстыру жүйелі түрде, жұмысқа қабылдаған кезде, оған өзгерістер енгізген кезде жүргізіледі. Іскери этика кодексінің ережелері туралы білімдерді тексеру жыл сайынғы міндетті аттестаттаулардың тестілік сұрақтарына енеді. 2014 жылы Директорлар кеңесі Омбудсменді тағайындады, оның міндеттерінің бірі қызметкерлер мен лауазымды тұлғалардың «KEGOC» АҚ Іскери этика кодексін сақтауын қамтамасыз ету, және, қажет болған жағдайда, оның ережелерін түсіндіру болып табылады.

«KEGOC» АҚ барлық мүдделі тараптармен бірге өзара іс-қимыл жасай отырып, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне мүлдем төзбеушілік, жемқорлық құқық бұзушылықтарын әшкерелеу саясатын ұстанады. «KEGOC» АҚ Компанияның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің жемқорлық және заңсыз әрекеттеріне жол бермеу үшін барлық күш-жігерін жұмсайды. Жемқорлық істерге тартылған лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер заңдарда көзделген тәртіппен босатылуы және жауапкершілікке тартылуы тиіс. **(102-16)**

Компанияда «KEGOC» АҚ қызметінде Қазақстан Республикасының жемқорлыққа қарсы және өзге де заңнамасының бұзушылықтар тәуекелдерін басқару саясаты қабылданған және қолданылады, онымен Компанияның барлық қызметкерлері таныстырылған. Барлық қызметкерлерге жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың қолданыстағы саясаты мен әдістері туралы хабарлама тұрақты түрде жүзеге асырылады. «KEGOC» АҚ мүдделі тараптармен олардың жемқорлықпен күресте хабардарлығын арттыру үшін үндестікті дамыту шараларын қолданады. **(205-2) (103-2)** 2016 жылы Компанияда Қазақстан Республикасының жемқорлыққа қарсы заңнамасының бұзу фактілері тіркелмеген. **(205-3) (103-3)**

2016 жылы тұрақты даму, соның ішінде «KEGOC» АҚ ұстанатын жемқорлыққа қарсы іс-қимыл-қағидаттары туралы хабардар болу және оларды сақтауға шақыру мақсатында Компанияның жүйелік қызметтерінің барлық тұтынушылары атына ақпараттық хат жолданды. Одан бөлек, тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің жеткізушілерімен үлгі шарттар жемқорлыққа қарсы, экологиялық, еңбек заңнамасын сақтау, сондай-ақ «KEGOC» АҚ объектілері аумағында болғанда және жұмыстар жүргізгенде Компанияның ішкі қауіпсіздік қағидаларын сақтау туралы ережелермен толықтырылды. **(205-2)**

Компанияның басым бағыттарының бірі «KEGOC» АҚ қызметінің Қазақстан Республикасының заңнамасына, салалық және ішкі қағидаларға сәйкестігін қамтамасыз ету болып табылады. Компания заңнаманы бұзу тәуекелін азайту мақсатында тұрақты негізде «KEGOC» АҚ қызметінің қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігін мониторингтеу жүргізіледі. Анықталған сәйкессіздіктер нәтижелері бойынша түзету амалары жүргізіледі. Одан бөлек, Компанияда Ішк аудит қызметі заңдылық пен нормативтік талаптардың сақталуын бақылау жүйесін бағалайды. **(103-1)**

«KEGOC» АҚ-да бұзушылықтар туралы арыз-шағымдарды алу, қарау жөнінде «Қызу желі» жұмыс істейді. Оның көмегімен кез келген тұлға құпиялы негізде «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетіне «KEGOC» АҚ лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері жасаған құқыққа қайшы әрекеттер немесе жасауы мүмкін әрекеттер туралы хабарлай алады. **(103-2)**

«KEGOC» АҚ «Қызу желісі» арыз-шағымдарды жолдаудың екі тәсілін қарастырады:

- мына мекен-жайға: Астана қ., Тәуелсіздік даңғылы, 59-ғимарат, «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің хатшысына «ҚҰПИЯ» белгісімен почта жөнелтілімі арқылы;
- svakegoc@yandex.kz электрондық почтасы адресіне электрондық хат жолдау арқылы.

Барлық құқыққа қайшы әрекеттер бойынша «KEGOC» АҚ тиісті шаралар қолдану үшін мұқият тергеу жүргізеді. Барлық фактілер бойынша жүгінгенде өтініш берген тұлғалардың құқықтары кемсітілмейді.

2016 жылы Аудит жөніндегі комитетке 5 өтініш түсті, соның ішінде:

- Компанияның 3 жеткізушісінен шарт талаптарын болжалды бұзылуына қатысты өтініш;
- Компания қызметкерінің ішкі құжаттардың талаптарын ықтимал бұзуы туралы 1 өтініш;
- Компания қызметкерінің еңбек қатынастары тәжірибесі туралы 1 өтініш.

2016 жыл ішінде 3 өтініш өңделді және реттелді, 2 жеткізушінің өтініші 2017 жылы реттелетін болады.

2016 жылы адам құқықтарын сақтауға әсер етуге және қоршаған ортаға әсер етуге байланысты өтініштер түскен жоқ. Аудит жөніндегі комитетке 2016 жылға дейін берілген және 2016 жылғы ішінде реттелген өтініштер жоқ. **(102-44, 103-3)**



Ертіс өз.

## Бұқтырма су қоймасы

*Бұқтырма су қоймасы – Есіл өзеніндегі Бұқтырма ГЭС бөгетімен құрылған су қоймасы. Қазақстанның ең ірі су қоймасы. Әлемдегі ең ірі жасанды су айдындарының бестігіне кіреді.*

*Су қоймасы Бұқтырма ГЭС бөгетінің көмегімен 1960 жылы толтырыла бастады. 1966 жылдан бастап су ағынын көп жыл бойы реттеп келеді. Су қоймасы Есіл өзені және Зайсан көлі аңғарлары бойынша 2 учаскеден тұрады.*

Қызмет географиясы:

**ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН**



# ЭКОНОМИКА

«KEGOC» АҚ қызметінің экономикалық құрамдас бөлігінің Компанияның өзі үшін де, мемлекеттің экономикасы үшін де маңызы зор және «KEGOC»АҚ акционерлері мен инвесторлары үшін ұзақ мерзімді құнын арттыруға бағытталған. **(103-1)**

Даму және бюджеттер жоспарын қалыптастыру және бекіту рәсімдері (соның ішінде Компания объектілерін салу, қайта құру және жаңғырту жөніндегі инвестициялық жобаларына күрделі қаражаттар жоспарын қамтиды) «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі бекіткен «KEGOC» АҚ Даму және бюджеттер жоспарын әзірлеу, келісу, бекіту, түзету, орындау және орындалуын мониторингтеу қағидаларымен регламенттеледі. Даму жоспары шоғырланған түрде әзірленеді, яғни өзгермелі негізде 5 жылға арналған ЕҰ жоспарларын қамтиды. Даму жоспарын іске асыру үшін жылдық бюджеттер бекітіледі. **(103-2)** Даму жоспарының орындалуын мониторингтеуді «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі тоқсан сайынғы негізде іске асырады.

2016 жылғы қорытындылар бойынша шоғырландырылған кірістер 188 716,3 млн.теңгені құрады және 2015 жылғы көрсетішпен салыстырғанда 12,5% (немесе 20 982,8 млн.теңге) ұлғайған. Бұл ретте, негізгі қызметтен түскен кірістер 130 001,4 млн.теңгені құрады. Негізгі қызметтен түскен кірістердың 18,1% (немесе 19 940,0 млн. теңге) өсімі реттелетін қызметтер тарифтерінің өсуімен, реттелетін қызметтер көлемінің ұлғаюымен, «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС электр энергиясын сатып алу-сату жөніндегі операциялар көлемінің ұлғаюымен, сондай-ақ қуатты реттеу жөніндегі қызметтер көрсетуден кірістер есептелуімен байланысты.

2016 жылы негізгі емес қызметтен кірістер 58 714,8 млн. теңгені құрады және 2015 жылмен салыстырғанда 1,8% (немесе 1 042,9 млн. теңге) негізінен депозиттермен жасалатын операциялардан кірістер, негізгі құралдардың ақысыз түсуінен табыс алу есебінен ұлғайды. Бұл ретте, негізгі құралдарды сатудан табыстың, сондай-ақ шаруашылық қызметі шарттары бойынша айыппұлдар, өсімақылар, тұрақсыздық айыптары түріндегі табыстың азаюы орын алды.

2016 жылы шоғырландырылған шығыстар 152 741,4 млн. теңгені құрады, бұл 2015 жылғы көрсеткішке қарағанда 14% (немесе 24 939,1 млн. теңге) аз. 2016 жылы өткерілген қызметтердің өзіндік құны 79 388,8 млн. теңгені құрады, және 2015 жылмен салыстырғанда 5,1% (немесе 3 846,2 млн. теңге) ұлғайған. Бұл негізінен жаңартылатын энергия көзері өндірген электр энергиясын сатып алу, өндірістік персоналдың еңбекақысы, тозымпұл аударымдары бойынша шығыстардың артуымен байланысты. Бұл ретте, технологиялық шығысты өтемдеу үшін электр энергиясын сатып алу шығыстары азайды.

2016 жылғы жалпы және әкімшілік шығыстар 17 640,4 млн. теңгені құрады, бұл 2015 жылғы көрсеткішінен 2 есе артық (немесе 9 075,7 млн. теңге). Ұлғаю негізінен дебиторлық берешек, мүлкі салығы, еңбекақы төлеу, консультациялық, бизнесті түрлендіру орталығы жөнінде резервтер жасақтау шығыстарының артуымен байланысты. Өзге шығыстар 49 439,3 млн. теңгені құрады және 2015 жылмен салыстырғанда 43,6% (немесе 38 288,1 млн. теңге) азайды, бұл негізінен бағам айырмасы бойынша шығыстардың азаюымен байланысты.

Кірістер мен шығыстар динамикасы, млрд.теңге




2015 жылғы қорытындылар бойынша алынған 7 779,6 млн. теңге сомасындағы залалмен салыстырғанда 2016 жылғы қорытындылары бойынша 27 590,2 млн. теңге сомасында таза табыс алынды. Сонымен бірге, 2014-2015 жылдардағы қаржы көрсеткіштеріне теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамының өзгеруі, сондай-ақ 2014 жылы жүргізілген негізгі құралдарды қайта бағалау ықпал еткенін атап көрсету қажет.

2017 жылы 156 975,6 млн. теңге, соның ішінде негізгі қызметтер 153 887,5 млн. теңге және негізгі емес қызметтер 3 088,1 млн.теңге сомасында табыс алу жоспарланып отыр. Шығыстар 122 505,2 млн. теңге, соның ішінде өзіндік құн бойынша 102 923,4 млн. теңге, жалпы және әкімшілік шығыстар 14 288,7 млн. теңге сомасында болжамдалады. 2017 жылғы қызметтің нәтижелері бойынша қорытынды пайда 27 479,5 млн. теңге сомасында жоспарланады.

Таза кіріс динамикасы, млрд.теңге




| млн. теңге | 2014 | 2015 | 2016 |
|---|---|---|---|
| **Жалпы капиталдандыру** | 467 373,88 | 512 207,15 | 537 183,03 |
| меншік капиталы | 359 777,47 | 340 976,61 | 362 084,07 |
| қарыз капиталы | 107 596,41 | 171 230,54 | 175 098,96 |
| **Мемлекеттен алынған қаражат** | – | – | – |
| **Құрылған экономикалық құн** | 131 062,71 | 167 733,45 | 188 716,28 |
| негізгі қызметтен түскен кірістер | 93 519,76 | 110 061,46 | 130 001,43 |
| қаржылық кірістер | 2 009,86 | 4 022,45 | 5 394,65 |
| басқа да кірістер | 35 533,09 | 53 649,54 | 53 320,20 |

| *млн. теңге* | 2014 | 2015 | 2016 |
|---|---|---|---|
| **Бөлінген экономикалық құн:** | 122 446,69 | 186 570,82 | 167 607,90 |
| еңбекақы төлеу бойынша шығыстар | 14 330,83 | 14 425,24 | 18 166,63 |
| салықтар және бюджетке міндетті алымдар бойынша шығыстар | 8 284,83 | 3 037,56 | 16 803,15 |
| капитал жеткізушілеріне төлемдер | 4 332,76 | 15 846,80 | 12 539,67 |
| қайырымдылық және демеушілік көмек | 134,2 | 152,17 | – |
| басқа да операциялық шығындар | 67 675,91 | 64 499,28 | 70 659,13 |
| басқа да операциялық емес шығындар | 27 388,15 | 88 609,77 | 49 439,31 |
| **Бөлінетін экономикалық құн** | 8 616,02 | –18 837,37 | 21 108,39 |

**(102-7), (201-1), (201-4)**

Тұрақты қаржы нәтижелілігі Компанияға стейкхолдерлер алдындағы:

- еңбекақы төлеу және әлеуметтік қолдау көрсету;
- акционерлерге дивидендтер төлеу;
- инвестициялық жобаларды іске асыру және ҰЭТ жұмыс істеуінің сапасы мен сенімділігін арттыру;
- жеткізушілермен уақтылы есептесу;
- салықтарды төлеу жөніндегі міндеттемелерді уақтылы және толық көлемде орындауға мүмкіндік береді. **(103-3)**

«KEGOC» АҚ-дағы сатып алу қызметі «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының елу және одан да көп пайызы (қатысу үлесі) меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдардың тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу қағидаларына (бұдан әрі – «Сатып алулар қағидалары») сәйкес жүзеге асырылады. Сатып алу процесі өзіне мыналарды қамтиды: сатып алу жоспарларын әзірлеу және бекіту; жеткізушіні таңдау; сатып алу туралы шарттар жасау және орындау. Қордың Сатып алу туралы қағидаларында, егер сатып алу сомасы 75 млн. теңгеден асқан жағдайда тапсырыс берушінің тендерлік құжаттамаға әлеуетті өнім берушіге оның жұмыс тәжірибесі жөніндегі біліктілік талаптарын енгізу құқығын қарастыратын нормалар бар; әлеуетті өнім берушіде тиісті салада жұмыс тәжірибесі бар білікті маманның бар болуы туралы талап; тапсырыс берушінің қауіпті өндірістік объектілерінде орындалуы тиіс жұмыстар мен қызметтерді сатып алған жағдайда тапсырыс беруші және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген стандарттардың және (немесе) өзге де құжаттардың талаптарына сәйкес әлеуетті өнім берушілерге және олардың тартатын мамандарына қойылатын арнайы талаптар. Тендерлік құжаттамада өзге біліктілік талаптарды көрсету Қордың  Сатып алу қағидалары нормаларын өрескел бұзу болып табылады. Компанияның жеткізушілері «KEGOC» АҚ негізгі қызметінің орындалуын қамтамасыз ету үшін тауарларды жеткізіп беретін, жұмыстарды атқаратын және қызметтерді көрсететін ұйымдар (Қазақстан Республикасының резиденттері де, бейрезиденттері де) болып табылады. Компанияның жеткізушілері «Самұрық-Қазына» АҚ сенімсіз әлеуетті өнім берушілері (өнім берушілері) тізбесінде және (немесе) Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушылары Тізілімінде және (немесе) Жалған кәсіпорындар тізбесінде тұрған ұйымдар бола алмайды. Сондай-ақ, ашық тендер және баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу өткізгенде Компания сатып алу тек мынадай жекелеген санаттардың арасында өткізілетінін қарастыра алады:

- Холдингтің Тауар өндірушілері тізілімінде тұрған сатып алынатын тауардың тауар өндірушілері;
- Холдингтің Мүгедектер ұйымы тізілімінде (кәсіпкерлік қызметті іске асыратын жеке тұлға-мүгедектер) тұратын сатып алынатын тауарды өндіретін мүгедектер (кәсіпкерлік қызметті іске асыратын жеке тұлға-мүгедектер) ұйымдары.

Ұйымның тартылатын жеткізушілерінің жалпы саны мен жеткізілімдер тізбегінде жеткізушілердің бағалау саны, жеткізушілерге жүргізілген төлемдердің  ақшалай бағалау құны ашық тендер және баға ұсыныстарын сұрату тәсілдерімен сатып алу қорытындылары бойынша анықталады. Бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алу бойынша жеткізушілерге жүргізілген төлемдердің  ақшалай бағалау құны сатып алу жоспарында (жылдық, ұзақ мерзімді) көзделген сомадан аспауы тиіс. **(102-9)**




## Ақтөбе к.
# Ә. Молдағұлованың ескерткіші

*Кеңес Одағының батыры Әлия Молдағұлованың мемориалдық кешені 2005 жылғы 25 қыркүйекте ашылды. Мүсіншілер Бақытжан Әбішев пепн Еркен Сергебаев Әлияның Кеңес армиясының айбынды жауынгері ретіндегі кеңінен тараған бейнесінен ауытқуға тырысты. Кейіпкер соғыс өмірін қыршынынан қиған 18 жастағы жас қыз кейіпінде берілді Әлияның қола мүсіні гранит тұғырға орнатылды. Ескерткіштің биіктігі тұғырмен қоса алғанда 6 метрді құрайды. Ескерткіштің жиектерінде биіктігі 2,3 метрді және ұзындығы 12 метрді құрайтын 2 гранит рельеф орналасқан. Оларды қазақ халқының сақ дәуірінен бастап қазіргі уақытқа дейінгі тарихы бейнеленген.*

**Қызмет географиясы:**
## БАТЫС ҚАЗАҚСТАН



# ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

«KEGOC» АҚ экологиялық тепе-теңдікті қолдау, қоғамның экологиялық орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету қажеттігін толық сезіне отырып, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қызметті өзінің күнделікті қызметінің ажырамас бөлігі ретінде қарастырады. **(103-1)** Қоршаған ортаға ықпалды барынша азайту үшін Компанияда Экологиялық менеджмент жүйесі (ЭМЖ) жұмыс істейді. Жүйенің мақсаты «KEGOC» АҚ Экологиялық саясатына сәйкес экологиялық көрсеткіштердің нәтижелігін қамтамасыз ету және жақсарту, сондай-ақ Компания қызметінің ерекшелігіне байланысты экологиялық аспектілер мен тәуекелдерді басқару болып табылады.

Қоршаған ортаға жауапты көзқарас – «KEGOC» АҚ Экологиялық саясатының басты-қағидаты. «KEGOC» АҚ Экологиялық саясатының мақсаты қоршаған ортаға теріс ықпалды барынша азайту, экологиялық қауіпсіздік деңгейін арттыру, Қазақстан ҰЭТ дамуында қоршаған ортаның қорғалуын қамтамасыз ету үшін жауапкершілік, энергия үнемдеу және Компания қызметінде табиғи және энергетикалық ресурстарды ұтымды пайдалану болып табылады. **(103-1)** «KEGOC» АҚ басшылығы өзіне Экологиялық саясат арқылы қабылдаған ұдайы жақсарту және ластанудың алдын алу, сондай-ақ өзінің экологиялық аспектілері бөлігінде «KEGOC» АҚ-ның қатысы бар қолданыстағы заңнамалық және басқа да талаптарға сәйкестік жөніндегі міндеттемелерді іске асыру үшін жауапкершілік алады. Компанияның әр қызметкері, Компанияның мүддесіне жұмыс істейтін мердігерлік ұйымдардың қызметкерлері де «KEGOC» АҚ Экологиялық саясатымен таныстырылды.

«KEGOC» АҚ-да жыл сайын Компанияның Экологиялық бағдарламасы түзіледі, онда қажетті табиғат қорғау шаралары, сондай-ақ оларды орындау шығындары белгіленеді. **(103-2)** 2016 жылы тараптық ұйымдардың күшімен қоршаған ортаны қорғау жөнінде мынадай шаралар жүргізілді:

- атмосфералық ауаның, топырақ пен су ресурстарының экологиялық мониторингі;
- 4 ЖЭТ филиалында экологиялық нормалау құжаттарын әзірлеу;
- қауіпті қалдықтар паспорттарын әзірлеу;
- өнеркәсіп қалдықтарының барлық түрлері бойынша оларды кәдеге жарату.

«KEGOC» АҚ электр тарату әуе желілері мен қосалқы станциялардың ашық тарату құрылғылары қоршаған ортаның ластануының белсенді көздері болып табылмайды. Электр магниттік өрістің, шуылдың, дірілдің және желілер мен қосалқы станцияларға пайдалану бойынша қызмет көрсетуі кезінде, жөндегенде, жаңғыртқанда, салғанда пайда болатын шығарындылар, тастандылар мен қалдықтардың қоршаған ортаға әсері шамалы. Өнеркәсіптік жиіліктің электр магниттік өрісінен халықтың денсаулығын қорғаудың негізгі-қағидатының мәні ҰЭТ объектілері, персонал үшін санитариялық-қорғау аймақтарын және санитариялық үзіктерді белгілеуде, жоғарыда тізбеленген шаралардан бөлек, қосалқы станцияларда стационарлық қорғаныс құрылғылары мен қорғаныс құралдарын қолдануда. Санитариялық-қорғаныс аймақтарының өлшемдері шуылдың, электр магниттік сәулеленулердің рұқсат етілген деңгейлерінің және санитариялық-қорғаныс аймақтары шекарасындағы басқа да физикалық фактор-

лардың қолданыстағы санитариялық-эпидемиологиялық нормаларына сәйкес белгіленеді. Компанияның барлық объектілері Қазақстан Республикас Ұлттық экономика министрінің бұйрығымен бекітілген «Санитариялық-эпидемиологиялық қағидаларға және нормаларға» және «Өндірістік объектілердің санитариялық-қорғаныстық аймақтарын белгілеу жөніндегі санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес жобаланады, салынады және пайдаланылады.

Электр желілері мен қосалқы станциялар жұмыс істегенде қоршаған ортаға әсердің негізгі көздері мыналар:

- физикалық факторлар (өнеркәсіптік жиіліктің электр магниттік өрісі, шуыл, діріл және басқа да физикалық факторлар);
- желілерге және қосалқы станцияларға пайдалану қызметін көрсеткенде «KEGOC» «ЖЭТ» филиалдарының шаруашылық қызметі;
- қосалқы станциялардың жабдықтарын пайдаланғанда, жөндегенде және жаңғыртқанда пайда болатын өндірістік қалдықтар;
- инвестициялық жобаларды іске асыру барысындағы табиғат қорғау шаралары.

## АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАНЫ ҚОРҒАУ

ЖЭТ филиалдарында шекті рауалы шығарындылар (ШРШ) нормативтеріне сай зиянды заттар шығарындыларының стационарлық көздері (ұйымдасқан және ұйымдаспаған) анықталған. Стационарлық көздерден шығарындыларды қысқарту мақсатында ЖЭТ филиалдарында операциялық мониторинг – жабдықтың әр бірлігінің жұмыс сағаты көлемі мен материалдар шығынын есепке алу жүргізілді. Шығарындыларды қысқарту мамандандырылған ұйымдар жүргізген өндірістік экологиялық мониторинг нәтижелерімен дәлелденді. Стационарлық көздерден жалпы шығарындылар көлемі 2016 жылы бір жылда белгіленген норматив 25,74 тонна болғанда 21,06 тоннаны құрады.

***Стационарлық көздерден жалпы шығырындылардың нақты көлемдері кестеде келтірілген, жылына тонна***

| Шығарындылар түрлері | 2014 | 2015 | 2016 |
|---|---|---|---|
| **Барлығы, соның ішінде** | 24,27 | 21,15 | 21,06 |
| **қатты** | 9,54 | 4,98 | 7,87 |
| **газ түріндегі** | 14.73 | 16,17 | 13,19 |
| ***олардың ішінде:*** | | | |
| көмірсутегі | 4,16 | 1,32 | 2,73 |
| COX | 5,94 | 4,82 | 4,61 |
| SO2 | 0,10 | 0,08 | 0,08 |
| NOX | 0,62 | 0,77 | 0,82 |
| басқалары | 3,91 | 9,18 | 4,95 |

«Салықтар және бюджетке басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне сай жылжымалы көздердің шығырындылары есепке алынбайды, жылжымалы көздердің шығарындылары үшін төлемдерді есептеу негізіне жұмсалған жанармайдың көлемі қолданылады. Ұйымның қызметі және жұмыстарды атқару үшін пайдаланылатын жұмысшылар мен материалдарды тасымалдау азғантай қашықтыққа жүргізіледі және қоршаған ортаға елеулі әсер етпейді. **(305-7)**

«Климаттың өзгеруі туралы» БҰҰ Рамалық конвенциясы, Киото хаттамасы мен Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасы талаптарына сәйкес 2016 жылы ЖЭТ филиалдарында 2015 жылы Компания қызметі аясында қоршаған ортаға тасталған парниктік газдарды түгіндеу жүргізілді. Автокөліктің, резервтік қоректендіруге арналған қондырғылардың, элегазды ажыратқыштардың парниктік газдардың шығарындыларына есеп жүргізілді. Аумақтық Экология департаменттеріне 2015 жылы парниктік газдарды түгендеу жөніндегі есептер жолданып, тіркелді.

«Мемлекеттік реттеу объектілері болып табылатын парниктік газдардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысына сәйкес көміртек қостотығы ($CO_2$), метан ($CH_4$), азот қышқылы ($N_2O$), перфторкөміртектер (ПФК) осындайлар болып табылады. 2008-2015 жылдары «KEGOC» АҚ-да жүргізілген автокөлік пен дербес энергия көздерінен шығарылатын парниктік газдарды (көлемі болмашы) түгендеу нәтижелері бойынша жоғарыда көрсетілген газдардың шығарындылары тұрақты (жылына 13 мың тоннаға жуық), осыған орай «KEGOC» АҚ 2016-2020 жылдарға арналған парниктік газдардың шығарындыларына квоталарды бөлу ұлттық жоспарына сай парниктік газдарды квоталау жөніндегі талапқа түспейді.

Өз қызметінде Компания климаттың өзгеруіне ықпал етпейтін озонды бұзатын заттардың шығарындыларын шығармайды. **EU5**

# ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ

***Қауіптілік деңгейіне қарай қалдықтардың түзілу көлемдерінің динамикасы***

| *тонн* | 2014 | 2015 | 2016 |
|---|---|---|---|
| «жасыл» индекс G* | 2 482 | 2 490 | 2 722 |
| «ашық сары» индекс A* | 324 | 905 | 446 |
| «қызыл» индекс R* | – | – | 10,5 |

** – қалдықтардың қауіптілігі деңгейлері жіктемесі Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сай келтірілді*

«KEGOC» АҚ өндірісінің негізгі қалдықтары – бұл жабдықты пайдалану, жөндеу және жаңғырту барысында пайда болатын трансформатор майы мен металл сынығы. Өндірістік қадықтар арнайы жабдықталған алаңқайларда және қатты жамылғысы бар үй-жайларда сақталады. Әр қосалқы станция үшін қалдықтарды орналастырудың карта-схемасы әзірленді. 2016 жылы «KEGOC» АҚ бөлімшелерінде 3 179,12 тонна қалдық түзілді:

- қатты тұрмыстық қалдықтар – 886,12 тонна,
- түсті металл сынығы – 47,82 тонна,
- қара металл сынығы – 986,38 тонна,
- өңделген майлар – 421,07 тонна,
- құрылыс және басқа да қалдықтар – 825,83 тонна,
- құрамында сынап бар қалдықтар – 1,36 тонна,
- құрамында ПХД бар қалдықтар – 10,5 тонна.

Олардың ішінде полигондарға 1 043 тоннасы орналастырылды, қалдықтардың 553 тоннасы мамандандырылған ұйымдармен жасалған шарттарға сай қайта пайдалану үшін кәдеге жаратуға тапсырылды, бұл ретте қалдықтарды полигонға орналастыру шығындары 8,75 млн.теңгені, кәдеге жарату шығындары 4,6 млн.теңгені (құрамында сынап бар қалдықтар 0,63 млн.теңгені, өнеркәсіп қалдықтарының барлық түрлері бойынша қалдықтары – 3,97 млн.теңгені) құрады.

Трансформатор майы мен металл сынығын мамандандырылған ұйымдар іске асырды. 2016 жылы мамандандырылған ұйымдармен өндіріс қалдықтарын шығару туралы орталықтандырылған шарттар жасалып, орындалды: 2015-2016 жылдары түзілген 858 тонна пайдаланылған трансформатор майын және 1746 тонна түсті және қара металл сынығын шығару іске асырылды.

## СУ ОБЪЕКТІЛЕРІНЕ ЖӘНЕ ТОПЫРАҚҚА ӘСЕРІ

Су Компанияның технологиялық процесінде пайдаланылмайды. Суды тұтыну көлемдері «KEGOC» АҚ-да шамалы, пайдаланылатын су көздеріне айтарлықтай ықпал етпейді. Су тұтыну және су тарту ЖЭТ филиалдары мамандандырылған ұйымдармен жасайтын шарттарға сәйкес жүргізіледі. Су объектілеріне және жер бедерлеріне су тасталған жоқ. «KEGOC» АҚ 7 филиалының объектілерінде артезиандық сумен жабдықтау бар, ұңғымалар алынған рұқсаттамаларға сай пайдаланылады. Қазақстан Республикасының Су кодексіне сәйкес тұрақты негізде мамандандырылған ұйымдармен жасалған шарттар бойынша ұңғымалардың су тоғанында жер асты суларының мониторингі жүргізіледі.

Компания объектілерінде су объектілері мен топырақтың ластануының ықтимал көздері май толтыру жабдықтарында пайдаланылатын трансформатор майы, сондай-ақ суды шаруашылық мұқтаждарына пайдалану нәтижесінде түзелетін сарқынды сулар болып табылады. Май толтыру жабдықтары май қабылдау құрылғыларымен немесе тегендермен жарақталған, бұл майдың топыраққа түсуін болдырмайды. Май қабылдағыштардың түсіп қалуы жүйелі тексеріледі. **(303-2)**

## ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ БАРЫСЫНДАҒЫ ТАБИҒАТ ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫ

Инвестициялық жобаларды іске асырған кезде Компания қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне кешенді түрде қарайды. Электр желілері  объектілерін жобалау кезеңінде оларды елді мекендерден және қорғалатын табиғи аумақтардан жырақта орналастырады. ӘЖ трассалары негізінен шөлейт және жартылай шөлейт жерлерден өтеді, ӘЖ орманды-далалық аймақтан өткен жағдайда ӘЖ үшін орман жолдарын тазарту қызметін іске асырған кезде қоршаған ортаға әсерді бағалау (ҚОӘБ) жобасы әзірленеді, ол осы әсерді барынша азайту шараларын қамтиды. Компанияның қызметі туралы экологиялық ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігі  мақсатында ҚОӘБ жобаларын қоғамдық тыңдаулар өткізеді. **(103-3)** Мәселен, Инвестициялық жобаның іске асыру аясында 2016 жылы «Жамбыл» 500 кВ ҚС-нда техникалық қауіпсіздік құралдары жүйесін орнату» «Жітіқара» 500 кВ ҚС-нда техникалық қауіпсіздік құралдары жүйесін орнату» ЖСҚ жобаларының ҚОӘБ бөлімдері қаралды және келісілді. «500 кВ Екібастұз-Семей-Өскемен» ӘЖ салу» жобасы аясында «220кВ Шүлбі ГЭС АТҚ кеңейту» жобасының ӨЗЖ және ҚОӘБ келісілді. «500 кВ ШГЭС (Семей)-Ақтоғай- Талдықорған-Алма» жобасы бойынша: «220 кВ Сарыөзек ҚС ӘЖ кіріс-шығыстары-500 кВ Талдықорған ҚС-дағы № 152 Талдықорған ҚС салу» және «220 кВ Сарыөзек ҚС ӘЖ кіріс-шығыстары-500 кВ Талдықорған ҚС-дағы № 152 Талдықорған ҚС салу» жұмыс жобаларының ҚОӘБ келісілді.

Одан бөлек, «Павлодар энергия торабының байланысын күшейту» жобасының ТЭН түзету» жобасының ТЭН-нің бастапқы ҚОӘБ келісілді.

Жануарлар әлеміне негізгі ықпал құрылысқа жерді алып қоюға, құрылыс алнақайларын дайындаумен және жобалаумен, материалдарды сақтауға арналған уақытша қоймаларды салумен, сондай-ақ жабдықтар мен адамдарды тасымалдаумен, шулап мазаны алумен байланысты. Құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізген кезде биосаналуандылықты сақтау және әсерді азайту үшін мынадай шаралар жүргізіледі: жұмыстарды жүргізу технологиясын қатаң сақтау; персоналға жануарларды аулауға болмайтыны туралы нұсқама өткізу; жабайы аңдарды азықтандыруға және жемдеуге тыйым салу; тағам және басқа да қалдықтарды тек арнайы контейнерлерге орналастырып, кейіннен алып кету; кездейсоқ үйінділерді жою; аумақта автокөліктің жүріс жылдамдығын шектеу; жер қазу және басқа да жұмыстар жүргізгеннен кейін ӘЖ трассасын уақтылы құнарландыру және табиғи құнарлылығын қалпына келтіру.

# ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ

«KEGOC» АҚ үшін энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі негізгі міндет тұтынылатын энергия ресурстары көлемін азайту, соның ішінде «KEGOC» АҚ объектілерінің өз мұқтаждарына энергия ресурстары шығынын азайту есебінен азайту, электр энергиясын ҰЭТ бойымен таратқан кезде электр энергиясының техникалық шығындарын азайту, энергия шығындарына бақылау жүргізу механизмдерін жетілдіру және Компания объектілерін электр энергиясын және басқа да отын-энергетикалық ресурстарды есепке алу аспаптарымен жарақтандыру, есептеу аспаптары деректері негізінде ақпарат жинақтау процесін ұйымдастыру. **(103-2)**

Қазақстанның электр энергетикасы жүйесі, негізінен, Солтүстік аймақта қуатты энергия көздерінің шоғырлануымен және ел аумағының үлкендігінен электр энергиясы транзиттерінің созылыңқы (1 000 шақырымға жуық) болуымен сипатталады (транзиттердің басты бағыттары Қазақстанның Солтүстігі-Оңтүстігі, Павлодар облысы-Ақтөбе облысы), бұл электр энергиясының техникалық шығындары деңгейіне елеулі әсер етеді. «KEGOC» АҚ желісіндегі техникалық шығындар сондай-ақ көрші мемлекеттердің энергия жүйелерінің жұмысына байланысты (транзиттер, электр энегиясын экспорттау және импорттау).

2016 жылы «KEGOC» АҚ техникалық шығындары 2 513,2 млн. кВт•сағ немесе желіге босатылған электр энергиясының 6,1% құрайды, бұл уәкілетті органның 6,2% көлемінде бекіткен нормативтік мәнінен аспайды. **EU12**

«KEGOC» АҚ жыл сайын техникалық шығындарды азайтуға бағыттылған шараларды атқарып келеді. 2016 жылғы қорытындылары бойынша аталған шараларды орындау нәтижесінде электр энергиясының шығынын азайту 4,361 млн.кВт•сағ құрады. Сонымен қатар, «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 2015 жылы Компания өз объектілерінде энергия аудитін жүргізуге кірісті. Аталған жұмыс 2016 жылы аяқталды, нәтижелері бойынша 2016-2020 жылдарға арналған энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді.

| 2016 жылы ысыраптарды азайту жөніндегі іс-шаралар | Іс-шаралардан болатын әсер, млн кВт•сағ. |
|---|---|
| Шағын жүктемелер режимінде желілерді ажырату | 0,229 |
| Шағын жүктемелер режимінде күштік трансформаторларды ажырату | 4,132 |
| «KEGOC» АҚ бойынша барлығы | 4,361 |

**(103-3)**

Компанияның экология мәселелеріне жауапты персоналын оқыту жүйелі негізде жүргізіледі, бұл филиалдар персоналының қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөнінде өз міндеттері туралы хабардарлығын арттырады. 2016 жылы «Алматы энергетика және байланыс университеті» ҰАҚ-да Компания қызметкерлеріне арнап «Еңбекті қорғау және технологиялық процестер мен өндірістердің экологиялық қауіпсіздігі» тақырыбында курстар өткізілді.

«KEGOC» АҚ-да ішкі және сыртқы факторлардың «KEGOC» АҚ қызметіне әсері деңгейін шектеу жолымен қызметінің үздіксіздігі мен тұрақтылығына бағытталған тәуекелдерді басқару жүйесі жұмыс істейді. «KEGOC» АҚ қоршаған ортаға келеңсіз әсердің алдын алу мақсатында жыл сайын экологиялық тәуекелдерді бағалау жүргізеді және оларды азайту шараларын белгілейді. «KEGOC» АҚ-ны қызметі қоршаған ортаға едәуір әсерін тигізбеуіне байланысты, экологиялық тәуекелдер Компанияның негізгі тәуекелдері қатарына жатпайды. Экологиялық тәуекелдерді басқару, сондай-ақ нысаналы және жоспарлы көрсеткіштерге қол жеткізу жөніндегі шаралар «KEGOC» АҚ Экологиялық бағдарламасында бел-

гіленген. 2016 жылы маңызды экологиялық аспектілер «Құрамында ПХД бар қалдықтар», «трансформатор майы» және «пайдаланылған трансформатор майы» болып танылды.

«Құрамында ПХД бар қалдықтар» аспектісінің маңыздылығы полихлорландырылған дифенилдің Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сай қауіпті зат болып табылатындығымен байланысты (қауіптіліктің қызыл деңгейі). «Ақмола ЖЭТ», «Шығыс ЖЭТ» және «Солтүстік ЖЭТ» филиалдарының жабдықтарына жүргізілген зертханалық талдаулар нәтижесінде ПХД-мен былғанған 22 электр жабдығы бірлігі анықталды. Анықталғаннан кейін бірден құрамында ПХД бар қалдықтарды қауіпсіз сақтау ұйымдастырылды және филиалдар қауіпті қалдықтарды пайдалануға байланысты қоршаған ортаны апатты былғау салдарынан үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне және (немесе) қоршаған ортаға келтірілген залалдың есесін толтыру жөнінде азаматтық-құқықтық жауапкершілікті міндетті экологиялық сақтандыру шарттарын жасады. Құрамында ПХД бар қалдықтарды жою мақсатында 2016 жылға құрамында ПХД бар қалдықтарды буып-түю, тасымалдау және жою жөніндегі қызметтерді сатып алу жоспарланды, соған байланысты, экологиялық сақтандыруды ұзарту жоспарланған жоқ. Алайда, 2016 жылғы екінші тоқсанында жүргізілген осы қызметтерді электрондық сатып алу өткізілмеген болып танылды, және уәкілетті органның өкілдерін, БҰҰДБ мен ПХД жөніндегі БЭФ кеңесшілерін қатыстыра оытрып, сатып алуға егжей-тегжейлі талдау жүргізу қажет болды, міндетті экологиялық сақтандыру шарты жауапкершілікті сақтандыру мерзімдерін үзе отырып жасалды. Осылайша, Компания өз қызметін белгілі бір уақыт жауапкершілігін экологиялық сақтандырусыз қасақана жүргізген жоқ және әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 2,121 млн.теңге айыппұл өндіріп алынды. **(307-1)**

«Трансформатор майы» және «пайдаланылған трансформатор майы» аспектілерінің маңыздылығы май толтыру жабдықтарының бар болуына байланысты. Экологиялық аспектілерді басқару нәтижесі «трансформатор майы» аспектісінің мәнін азайту болып табылады, ол «ҰЭТ-ты жаңғырту, 2-кезең» жобасы аясында өзіндік мұқтаждарға арналған трансформаторларды құрғақ трансформаторларға; майлы ажыратқыштарды элегазды немесе вакуумды ажыратқыштарға айырбастаумен байланысты. Майсыз жабдықтарды қолдану экологиялық болып табылады, өрт қауіпсіздігі артады, жер асты сулары мен топырақтың ластануы жойылады. ЖЭТ филиалдары объектілерінде жүйелі түрде (ЖЭТ филиалының белгілеген талаптарына қарай тәулігіне 1 немесе 2 мәрте) жабдықтарды май жүйелерінің тығыз қуыстығы арқылы майдың ағуы, бекітпелерді тартудың әлсіздігі, май толтыру жабдықтарында шығыстардың зақымдалуы салдарынан ағып кету фактілеріне шолулар мен тексерулер жүргізіледі. Одан бөлек, «KEGOC» АҚ-ның «Шығыс ЖЭТ» және «Сарыбай ЖЭТ» филиалдарында Қауіпсіздік техникасы (ҚТ) күндерін өткізу кезінде энергия объектілерінің күйін экологиялық қауіпсіздікке тексеру жүргізілді. «Пайдаланылған трансформатор майы» экологиялық аспектісінің ықпалын азайту үшін май толтыру жабдықтарына жөндеу жұмыстарын жүргізу технологиясын сақтау арқылы топырақты май төгілумен ластауды болдырмау шаралары жүргізілді; арнайы алаңқайларда қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, уақытша сақтау, сондай-ақ мамандандырылған ұйымдардың уақтылы орталықтандырылған өткеруі қамтамасыз етіледі. **(102-11, 102-15)**

Сертификаттау жөніндегі органның тексерісі (бақылау аудиті) қорытындылары бойынша 2016 жылы Компания қызметінің Экологиялық менеджмент жүйесі аясында ISO 14001 халықаралық стандарты талаптарына сәйкестігі дәлелденді. **(103-3)**

2017 жылы қоршаған ортаны қорғау саласындағы негізгі шаралар мыналар болады:

- экологиялық мониторинг жүргізу;
- жоспарлы пайдалану жұмыстарын жүргізгенде 220 кВ дейін және 110 кВ май толтыру жабдығында қайта пайдалану үшін трансформатор майын қайта өндіру;
- 2016 жылы «KEGOC» АҚ қызметі аясында қоршаған ортаға тасталатын парниктік газдарға түгендеу жүргізу;
- трансформаторларды және аз жүктемелер режиміндегі желілерді ажырату жолымен электр желілері бойымен берілетін электр энергиясының технологиялық шығысын азайту;
- мамандандырылған ұйымдарға кәдеге жаратуға және қайталап пайдалануға берілген құрамында сынап бар қалдықтардың, пайдаланылған автомобиль шиналарының, пайдаланылған өнеркәсіп майларының, майланған шүберектің, пайдаланылған

ұйымдық техниканың және басқа да қалдықтардың тізбесін кеңейту;

- персоналдың апатқа қарсы жаттығулары бағдарламасын дайындау және жаттығуларды олар үшін апатқа қарсы жаттығулар өткізілетін құрылымдық бөлімшелердің тізбесін кеңейтіп, қоршаған ортаға теріс ықпалдың алдын алу және жою жөніндегі әрекеттерді жасай отырып, өткізу;
- «500 кВ Семей-Ақтоғай-Талдықорған-Алма ӘЖ салу» жобасының объектілеріне мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындыларын алу;
- «KEGOC» АҚ веб-сайтында ашық қолжетімділікте және корпоративтік порталда ҰЭТ дамытудың экологиялық жобалары материалдарын орналастыру. Қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша «Білім базасына» өзекті сипат беру.





## Қызмет географиясы:
## ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН

Алматы к.

# ҚР Бірінші Президентінің Ұлттық саябағы

*Қазақстан Республикасы Бірінші Президентінің Ұлттық саябағы – Алматы қаласындағы ағаш-бұта бағы 2010 жылғы шілдеден бастап ашылды.*

*Саябақты құрушылардың негізгі идеясы әсем табиғи ландшафты (саябақ тауға жақын орналасқан) мен қазіргі заманғы технологияларды біріктіру болып табылады. Саябақтағы жас көшеттер ерекше жоспар бойынша егілді. Оның негізі ашық ауада демалуға қолайлы жағдай жасау болып табылады.*



# ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

## КАДР САЯСАТЫ

«KEGOC» АҚ кадр әлеуеті оның табысын айқындайтын маңызды стратегиялық фактор болып табылады. **(103-1)** «KEGOC» АҚ адами ресурстар менеджменті Корпоративтік басқару кодексі, Іскери этика кодексі, біріктірілген менеджмент жүйесі, Кадр саясаты, «KEGOC» АҚ персоналын уәждеу саласындағы ішкі құжаттардың-қағидаттары негізінде іске асырылады. Компанияның Кадр саясаты адами ресурстарды пайдаланудың экономикалық және әлеуметтік тиімділігі арасындағы теңгерімді қамтамасыз етуге бағытталған.

Кадр саясатының негізгі басымдықтары мыналар:

- жоғары кәсіби қызметкерлерді тарту, дамыту және ұстап қалу;
- персоналды басқарудың озық тәжірибелерін ендіру;
- басшы қызметкерлердің кадр резервін жасақтау;
- бірлескен құндылықтарды, әлеуметтік нормалармен қызметкердің мінез-құлқын регламенттейтін нормаларды әзірлеу;
